# SARYARQA

19 naýryz
2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№11 (8223)



KÚN TÁRTIBI
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ҚОСЫМША ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ ЕНГІЗІЛЕДІ
2-бет

AINA
НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ҚОЙЫЛДЫ
3-бет

DÁSTÚR
НАУРЫЗБЕН БІРГЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗҒА БЕТ БҰРДЫҚ
4-бет

DÚBIR
ЖАҢА БЕЛЕС ҚАРСАҢЫНДА
5-бет


# НАУРЫЗ – ІЗГІЛІК МЕЙРАМЫ

## *Қымбатты жезқазғандықтар, қадірлі қала қонақтары!*

*Баршаңызды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!*

*Көптеген шығыс елдерінің халықтары Наурыз мейрамын Жаңа жылмен, жаңа бастамалармен байланыстырады, өйткені дәл осы күндері табиғат көктемгі күн сәулесімен жанданады, барлық тіршілік жаңарады.*

*Қазақстан халқының көптеген игі дәстүрлері Наурыз мейрамынан бастау алады. Ежелгі заманнан бері біздің ата-бабаларымыз өздерінің жетістіктерін осы қасиетті күнмен ұштастырып, болашаққа жоспарларын құрған. Наурыз біз үшін әрқашан рухани өркендеуіміздің көрінісі болып қала береді.*

*Мереке жыл сайын жаңа мазмұнмен толығып, жаңа үрдістер өмірге келуде. Мен жезқазғандықтардың Наурыздың жалпыұлттық бірлік, тату көршілік, тазалық пен табиғатқа қамқорлық, ізгілік пен қайырымдылық мерекесіне айналуына өз үлестерін қосатынына сенімдімін.*

***Құрметті жерлестер!***

*Баршаңызды жаңару мерекесін өз аулаларымызды, көшелерімізді, саябақтар, алаңдар, гүлзарларды және т. б. тазалау акциясынан бастауға шақырамын. Ата-бабаларымыздың бұлақтарды тазарту, ағаштар отырғызу сияқты дәстүрлерін жалғастыру арқылы біз өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беріп, олардың туған жерге деген сүйіспеншілігін оята аламыз. Наурыз тек біздің игі істеріміздің жаршысы болсын!*

*Баршаңызға зор денсаулық, бақыт, бақ-береке және амандық тілеймін! Наурыз мейрамы әр үйге жақсы көктемгі көңіл-күй, мол дастархан және қуаныш әкелсін!*

*Отанымыз бейбіт аспан астында гүлдене берсін!*

**Жезқазған қаласының әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ**

***Осыдан 110 жыл бұрын, яғни сонау 1911 жылы Ахмет Байтұрсынұлы «талап жоқ, үміт мол бір халықпыз» деп қынжылса, қынжылғандай едік. Енді міне, талабы мен үміті зор ел болғанымызға 30 жыл толғалы отыр. Ілгері күнге үміт арта отырып, кешегі күніміздің көзден кетсе де, көңілде өшпестей таңба қалдырған тұстарынан әңгіме қозғау артықтық етпес. Өйткені, өткенімізден аттап кетсек, өскенімізді танымағанымыз болар.***




Бәрімізге белгілі, 70 жыл бойы ата дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз аяққа басылып, ұрпағымыз қасиетті ана тілінде ұлағатты сөз тыңдаудан қалып бара жатты. Нәтижесінде жастарымыздың 40 пайызға жуығы нигилистер қатарына қосылды. Өзінің тілін, тарихын білмеуінің салдарынан қазақ жастары өз ата-бабаларының ғасырлар бойы жинақтаған рухани дүниелерін де еріксіз ұмыта бастады. Бұл бізге отбасының қазақы тірлігін іріткен, ата дәстүрден түбегейлі алшақтатқан індет боп жабысты. Сондықтан ата салтымызды тірілтіп, ұлттық құндылықтарымыз бен мұраларымызды іздегеніміз рас және де одан ұтпасақ, ұтылғанымыз жоқ.

Мәселен, Наурыз мейрамын алайық. Бұл мереке Кеңес одағы кезінде атап өтілуге тыйым салынғанына қарамастан, қазақ халқының ең маңызды мерекесі болып қала берді. Әлі есімде, бала кезімде бұл күні таңертеңнен бастап үлкен-кіші топталып мерекелік көңіл-күйге бөленетін. Жақын туыстар бір біріне қонаққа барып, жаңа жылдың келуімен құттықтайтын. Қыстан аман-есен шығып, жаңа жылда бас қосқан жұрт өзара ақ ниеттерін жаудырып жататын. Бірақ мұның бәрі жасырын жасалып, сырт көзге білдірмеуге тырысатын. Себебі, жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстанда 1926 жылдан бастап Наурызды тойлауға тыйым салынған еді.

Қазақтың төл мерекесін өзіне қайта сыйлаған – әйгілі қазақ ақыны Мұхтар Шаханов. Ол 1988 жылы сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Колбинге хат жазып, осы мерекені қайта жандандыруды сұраған болатын. Ашық ақпарат көздерінен белгілі болғандай, хат мәтінінде: «Геннадий Васильевич желтоқсан оқиғалары екі ел арасында жік қалдырды. Қазақтар сізге жек көрінішпен қарайды. Егер сіз Наурыз мейрамын жандандыруға көмектесетін болсаңыз, онда барлық қазақтар сізге басқа көзқараспен қарайтын болады» делінген. Сонда Колбин Горбачевты көндіруге уәде береді. Сөйтіп, сол жылдан бастап Қазақстан Наурыз мейрамын қайта тойлай бастады. Сең құрсауы сөгіліп, ұлттық нақыштағы жаңа жылға рухани жағынан саналы көзқарас танытылып, оны өркениетті түрде атап өтуге мүмкіндік туды.

Ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты жандандыру жолында, Наурыз мейрамын жаңаша атап өтуге сол тұста «Қазақ тілі» қоғамы тарапынан да игі шаралар молынан атқарылды. Жер-жерде бұл қоғамдық ұйым мейлінше белсенділік танытып, жастардың ұлттық дәстүр-салтты, халықтың өткені мен бүгінін терең білуіне ұмтылыстарын ояту әрі ынталандыру мақсатында «Ауыл тойлары», «Келіндер байқауы», «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны», Әжелер өнері, ақындар айтысы, ұлттық киім үлгісі, жыршылар мен термешілер байқауы, қыз қуу, алтыбақан құру, көкпар, ұлттық спорт сайыстары тәрізді көптеген игілікті шараларға ұйытқы бола отырып, істің басы-қасынан табыла білді.

►►*4-бетте*

МЕРЕЙ

# СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНДЕ



***Есімі тек Жезқазған жұртына ғана емес, елімізге етене таныс қоғам қайраткері, өз ісінің білгірі, орақ тілді журналист, өлкетанушы, Жезқазған қаласы мен Ұлытау ауданының Құрметті азаматы Сағындық Қожамсейітовтің 80 жасқа толуына орай қала әкімдігінде салтанатты жиын өтті.***

– Аса құрметті Сағындық Үсенұлы, сіз аймағымыздың өсіп-өніп, көркеюіне көп еңбек сіңірген жансыз. Өмір жолыңыз бен еңбек жолыңыз бүгінгі жастарға, ізіңізден ерген ұрпақтарыңызға айрықша үлгі. Өнегелі жасыңыз одан әрі де өрби берсін. Ауырмаңыз, деніңіз сау болсын! Алдағы уақытта торқалы тоқсанға келген тойыңызды, одан әрі жүз жасыңызды тойлайық, – деген қала әкімі Қайрат Әбсаттаров мерейтой иесіне шапан жауып, ақшалай сый-сияпатын табыстады.

Одан әрі құттықтау лебізін білдірген Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облыстық департаменті бастығының орынбасары, Жезқазған аймақтық басқармасының басшысы Ақылбек Өтебеков Сағындық Үсенұлының тәрбиесін көріп, бой түзеген інілерінің бірі, бүгінде ҰҚК Қарағанды облыстық департаменттін басқарып отырған, генерал-майор Кеңгірбай Сарыбайұлының Құттықтау хатын табыс етіп, құрмет көрсетті.

Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты, Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің тілшісі Дархан Мұхан да ардагер журналисте ақжарма лебізін білдіріп, сый-сыяпат жасады.

Шара соңында сөз алған Сағындық Қожамсейітов барлық жиынға қатысушыларға алғысын білдіріп, батасын берді. Сүйікті қаламыздың өркендеуі жолында адал да абыройлы қызмет атқару қажетін еске салған ол, қала болашағынан, жезқазғандық жастардан зор үміт күтетінін жеткізді.

Ұзақ жылдар ел басқару жұмыстарын абыроймен атқарған ол КСРО-ның «Құрмет белгісімен» және Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен, түрлі медальдармен марапатталған. «Үздік өлкетанушы» атағын иеленген Сағындық Үсенұлының есімі 2004 жылы «Дәуір» баспасынан жарық көрген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, елге еңбегі сіңген белгілі ғалымдар, елге танымал тұлғалар туралы «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» кітабына енді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**




## СЕССИЯ

VII шақырылған Жезқазған қалалық мәслихатының кезекті III сессиясы **2021 жылдың 29 наурызында** әкімдік пен мәслихаттың үлкен залында /10 қабат/ сағат 11.00-де мына күн тәртібімен шақырылады:

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №56/472 «2021-2023 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
2. Әр түрлі мәселелер

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялар отырысы 2021 жылдың 26 наурызында әкімдік пен мәслихаттың ғимаратында сағат 15.00-де өтеді.

**Сессия төрағасы Д. МҰХАН**

**Қалалық мәслихат хатшысының м.а. В. СОТНИКОВ**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті оқырмандар! Газетіміздің келесі №12 (8224) саны 2021 жылғы 2 сәуірде шығатынын хабарлаймыз.

SARYARQA-АҚПАРАТ

### МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ӨЗДЕРІ ҮШІН ЕМЕС, ХАЛЫҚ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БОЛАДЫ

***Мемлекеттік қызметті әкімшілік қызметтен сервистік модельге ауыстыру мемлекеттік басқаруды реформалаудың тағы бір маңызды тұсы. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің төрағасы Қайрат Келімбетов айтты.***

Оның айтуынша, «Мемлекеттік органдардың функциялары» деген әкімшілік термин мемлекеттік органдардың қызметін тарылтып тастады. Салдарынан мемлекеттік органдар халық үшін мемлекеттік қызмет көрсетудің орнына өздерімен-өздері жұмыс істейтін әкімшілік функцияға айналып кетті. Өйткені мемлекеттік аппараттың функцияларының саны түрлі деректер бойынша 7,5-15 мың арасында.

Мыңнан астам нормативті акті бар. Бұдан бөлек бір қызметті бірнеше ведомство бірлесіп атқаратындықтан, ведомствоаралық жұмысты қиындатып, негізгі мақсатқа жету жайына қалады.

– Осы орайда мемлекеттік органдардың функциясын ретке келтіру үшін мемлекеттік аппараттың жұмысын бизнестік модельге ауыстыру керек. Ондағы мақсат – жұмыс істегенде ведомстволардың ішкі мүдделері үшін емес, халық пен бизнестің сұранысын қанағаттандыру үшін қызмет ететін мемлекеттік аппарат құру, – деді ол.

Мемлекеттік қызметті әкімшілік қызметтен сервистік модельге ауыстыру мемлекеттік басқаруды реформалаудың тағы бір маңызды тұсы.

Қайрат Келімбетовтің айтуынша, кей қызметтің «бір терезе» қағидасы бойынша беріле бастауы мемлекеттік қызметті сервистік модельге көшірудің басы болды.

– Алайда мемлекеттік қызметтердің басым көпшілігі әлі де болса, сервистік емес, әкімшілік сипатта қалып отыр. Оның себебі қазір мемлекеттік функциялардың барлығы мемлекеттік қызмет болып саналмайды. Алдағы уақытта барлық мемлекеттік аппарат қызметін осындай сервистік модельге ауыстыру қажет, – деді Келімбетов.

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВАКЦИНАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ПАРТИЯСЫ СӘУІРДІҢ СОҢЫНА ҚАРАЙ ШЫҒАРЫЛАДЫ

***Бұл туралы Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында елдегі эпидемиологиялық жағдай бойынша өткен онлайн брифинг барысында Денсаулық сақтау министрлігі медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Нұрлыбек Асылбеков айтты.***



Өздеріңіз білетіндей, отандық вакцинаны әзірлеу жұмыстарымен Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты (БҚПҒЗИ) айналысады. Олардың мәліметтері бойынша бүгінгі күні барлығы жоспарлы түрде жүріп жатыр. Клиникалық зерттеулердің бірінші және екінші кезеңі аяқталғанын білеміз. Бірінші кезең наурыз айында аяқталуы керек. Екіншісі – сәуірде. Өткен жылдың желтоқсан айының соңында үшінші кезең басталды. Сондықтан, ол жүйелі түрде жүріп жатыр. Сәуір айының соңында вакцина дайын болады деп күтілуде. Алғашқы көлемі – 50 мыңға дейін. Сәуір айының соңына қарай алғашқы өнеркәсіптік партия шығарылады деп күтілуде, – деді Нұрлыбек Асылбеков.

Ол сонымен қатар, Қазақстан қандай шетелдік вакцина өндірушілерімен келіссөздер жүргізіп жатқанын айтты.

– «AstraZeneca» бойынша келіссөздер жүргізілді. Алайда, бұл мәселе бойынша әлі белсенді келіссөздер болған жоқ деп едім. Біз БАҚ-ты бақылап отырамыз. Вакцинация мәселесі өзекті. Кейбір Европа елдерінің вакцинацияны тоқтатқанын ескере отырып, біз бұл мәселеде тым белсенді емеспіз. Жанама әсерлері аз препараттар бойынша көбірек келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Мысалы, Pfizer, Moderna, Sinovac, Johnson & Johnson вакциналары бойынша. Бірақ келіссөздер құпия түрде жүргізіліп жатыр дер едім. Нақты жеткізу, бағалары бойынша қосымша ақпарат берілетін болады, – деп сендірді ол.

### 2025 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЕЛДЕ 800 ЖАҢА МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

***Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев бұл туралы елдің 2025 жылға дейінгі дамуының Ұлттық жоспарын таныстыру барысында айтты.***



Оның айтуынша, Ұлттық жоспар азаматтардың әл-ауқаты, институттардың сапасы және мықты экономика атты үш бағыт бойынша 10 жалпыұлттық басымдықтан тұрады. Соның бірі – «Сапалы білім беру» жалпыұлттық басымдығы. Ол жаңа экономикалық бағытты іске асыру үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамытуды көздейді.

Білім беру жүйесін жаңғырту оның сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталатын болады. 2023 жылға қарай мұғалімдердің жалақысы 2 есе өседі. 2025 жылға қарай мектепке дейінгі мекемелерге балаларды 100% қамту орындалады. Барлық білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалатын болады. 2025 жылға дейін білім беруге қолайлы жағдай туғызу үшін 800 жаңа мектеп салынады. Бұл апатты және үшауысымдық мектеп, орын тапшылығы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді, – деді министр.

Сонымен қатар «Бірыңғай интеграцияланған білім беру онлайн-платформасы» жобасы іске қосылады. Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша ел өңірлерінде екі жетекші жоғары оқу орны құрылатын болады.

Еліміздің бәсекеге барынша қабілетті 20 университетінің базасында Академиялық артықшылық орталықтары ашылады.

Бұған дейін министр жаңа Ұлттық жоспар елдің әлеуметтік дамуын көздейтінін айтқан еді.

***Мәулен ӘШІМБАЕВ:***

# СЕНАТОРЛАР МӘСЛИХАТТАРМЕН ҮНЕМІ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА БОЛУЫ ТИІС




***Мәулен Әшімбаевтың төрағалық етуімен Сенат жанындағы Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысы болды. Онлайн түрінде өткен отырысқа Палата депутаттары, мемлекеттік органдардың басшылары және еліміздің барлық өңірлерінен мәслихат өкілдері қатысты.***

Сенат төрағасы өз сөзінде Мемлекет басшысының реформаларын жаңғырту жөніндегі күн тәртібін заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету туралы жан-жақты айтып берді. Ол аса маңызды заң жобаларын қарауға мәслихаттар депутаттарын белсенді түрде тартуға шақырды. Сенаторлардың үштен екісі аймақтардан сайланғанын ескере келгенде мұндай үйлесімді қарым-қатынастың маңызы өте зор.

Өткен сайлауда Елбасы мен Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан саяси реформалардың әлеуеті іске асырылды деуге әбден болады. Алғаш рет мәслихат депутаттары партиялық тізім бойынша сайланды. Әйелдер мен жастарға арналған квота да алғаш рет қолданылды. Сайлау нәтижесінде жергілікті өкілді органдар 70 пайызға жаңарып, мәслихаттардың сапалы құрамы қалыптасты, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат төрағасының пікірінше, Президент бастамаларының табысты іске асуы заңнамалық базаның өзгеруіне ғана емес, халықпен түсіндіру жұмыстарының қаншалықты сапалы жүргізіліп жатқанына да байланысты. Сондықтан Мәулен Әшімбаевтың пікірінше, мәслихаттар мен Сенат осы бағытта өзара белсенді іс-қимыл жасауы тиіс.

Сенат депутаттары үнемі аудандық, қалалық, облыстық мәслихаттармен өзара тығыз байланыста болуы керек. Соның барысында жергілікті деңгейдегі өзекті мәселелер және қолданыстағы заңнаманың тиімділігі талқыланады. Нәтижесінде біз халықты толғандырған мәселелерді анықтап, оларды шешудің тиімді жолдарын қалыптастыратын боламыз. Жұмысымыздағы маңызды бағыттардың тағы бірі халыққа Мемлекет басшысының саясатын және қабылданған заңдардың мәні мен маңызын түсіндіру, – деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыста Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев те сөз сөйледі. Ол «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында белгіленген жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқаруды дамытудың негізгі тәсілдеріне тоқталды. Ал мәслихат өкілдері жергілікті өкілді органдар қызметінің негізгі ақпараттық-ұйымдастырушылық мәселелері туралы айтып берді.

# «НАУРЫЗ КӨРКІ – АҚ БАТА» АТТЫ БАТА ФЕСТИВАЛІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ




РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

***Қарағандыдағы Кеншілер мәдениет сарайының салтанатты залында «Наурыз көркі – ақ бата» облыстық онлайн-бата фестивалінің қатысушыларын марапаттау рәсімі өтті. Наурызды мерекелеу аясында іс-шара ата-бабаларды еске алу және баталар күніне орайластырылды.***

Фестивальге 17 облыстық қалалар мен ауылдардың мәдени-демалыс орталықтары мен мәдениет үйлері қатысты. Олардың барлығы бата беру поэтикалық шығармашылық тартыстарда жеңімпаз атанғандар. Бұл – қазақ халқының ежелгі және маңызды дәстүрі. Бата жастарды рухани дамытады, отансүйгіштік сезімін және үлкендерге құрмет сезіміне тәрбиелейді.

Байқауға қатысушылардың әрқайсысы белгілі бір тапсырма алды. Мысалы, Абай ауданы «Балаға беретін бата», ал Жезқазған қаласы «Ас батасын» қайта жаңғыртулары тиіс болатын.

Қазылар алқасының құрамына ҚР еңбек сіңірген әртісі және мәдениет қайраткері Кеңес Жұмабеков, Кеншілер мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі Саят Әбдіғали және Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының баспасөз хатшысы Шолпан Санақбай кірді.

– Биыл отызыншы рет атап өтілетін Наурыздың ерекшелігі – біздің өңірде бата берудің үлкен фестивалін ұйымдастыру. Біздің барлық аудандарымыз бен ауылдарымыз жақсы дайындалды, – дейді қазылар алқасының мүшесі Кеңес Жұмабеков. – Көркемөнерпаз актерлер қазақтың ұлттық киімінде болды. Киіз үйлер тігіп, ән шырқады. Әсіресе маған Нұра ауданы, Егіндібұлақ және Ақтоғай ауылдары қатты ұнады. Бірақ барлық қатысушылар тамаша, бар жан-тәнімен дайындалғандары көрініп тұр.

Қазылар алқасы үш жүлдегерді анықтады. «Үздік қойылым» номинациясында Жезқазған қаласының Халықтар достығы мен мәдениет үйі жеңімпаз атанды. Шахтинск қаласының Кеншілер мәдениет сарайы «Үздік бата» номинациясында жеңіске жетті. «Үздік декорация» номинациясында Нұра ауданының мәдениет үйі марапатқа ие болды. Жеңімпаздарға дипломдар мен 15 мың теңге ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Айта кету керек, іс-шараны ұйымдастырушылар барлығына лайықты баға берді. Барлық қатысушылар 10 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды.

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ҚОСЫМША ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ ЕНГІЗІЛЕДІ




***Қарағанды облысының коронавирус дерті орташа облыстық көрсеткіштен асып кеткен кейбір қалалары мен аудандарында 20 наурыздан бастап қосымша шектеулер енгізіледі. Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Приозерск, Абай және Ақтоғай аудандарында карантин күшейтіледі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Юрий Залыгин хабарлады.***

**Аталған қалалар мен аудандарда мына нысандар жұмыс істемейді:**

- шағын орталықтар;
- жалпы білім беретін мектептерде орналасқан секциялар мен үйірмелер;
- банкет залдары;
- театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, цирк;
- мәдениет нысандары, оның ішінде дайындық;
- ата-анасының өтініші бойынша 15 балаға дейін топтастырылған мектепке дейінгі балалар мекемелері (кезекші топтарды қоспағанда).

**Келесі әрекеттерге тыйым салынады:**

- сабақтан тыс уақытта жеке оқыту, оқушылардың халықаралық спорттық, мәдени іс-шараларға, COVID-19 бойынша қолайсыз өңірлер мен елдерге олимпиадаларға шығуы, экскурсиялар;

«Ashyg» пилоттық жобасы іске асырылатын нысандарды қоспағанда, қызметі қайта іске қосылмаған нысандарға (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, түнгі және ойын клубтары, боулинг-орталықтар), балалар ойын-сауық орталықтарына (жабық үй-жайлардағы ойын алаңдары мен аттракциондар), батуттарға, кальян, букмекерлік кеңселерге баруға әлі де тыйым салынады.

**Демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндері жұмысы тоқтатылатын нысандар:**

- сауда үйлері, сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда желілері, көтерме-тарату орталықтары, алаңы 2 000 шаршы метрден астам азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған) (азық-түлік супермаркеттерін, дәріханаларды, сұлулық салондарын, химиялық тазартқыштарды қоспағанда).

**Сенбі және жексенбі күндері жұмысы тоқтатылатын нысандар:**

- сауна, СПА-орталықтар, массаж салондары, бассейндер («Ashyg» пилоттық жобасы жүзеге асырылатын нысандарды қоспағанда);
- жабық базарлар.

Жексенбі күндері ашық базарлар жұмыс істемейді (азық-түлік және азық-түлік емес).

Қоғамдық тамақтандыру нысандарының жұмыс режимі 9.00-ден 20.00-ге дейін шектеледі (толтырылуы 30 отырғын орыннан аспайды). Сенбі және жексенбі күндері сауда-ойын-сауық орталықтарында, сауда үйлерінде, сауда желілерінде, жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарларда (жеке үй-жайларда) орналасқан қоғамдық тамақтандыру нысандарының қызметіне тыйым салынады.

Фудкорт санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейте және негізгі нысанның жұмыс уақытын белгілей отырып, тек тамақты алып шығу және жеткізу (тамақтану залын ұйымдастырмай және үстелдерді орналастырмай) үшін жұмыс істей алады.

Сенбі және жексенбі күндері қалааралық облысішілік тұрақты жолаушылар тасымалы тоқтатылады: Қарағанды – Теміртау – Қарағанды; Қарағанды – Саран – Қарағанды; Қарағанды – Шахтинск – Қарағанды; Қарағанды – Абай – Қарағанды; Қарағанды – Шахан – Қарағанды; Қарағанды – Топар-Қарағанды.

Бұқаралық іс-шараларды, оның ішінде үй іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынады.

– Енгізілген шектеу шаралары ең алдымен бір мақсатты көздейді – бұл байланыстарды азайту, аурудың өсуіне жол бермеу, сапалы дезинфекциялық өңдеу жүргізу мүмкіндігі, – деп атап өтті Юрий Залыгин.

Ол тұрғындарды санитарлық талаптарды қатаң сақтауға шақырды.

**«Saryarqa-ақпарат»**

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

*Қала басшысы Қайрат Әбсаттаровтың төрағалығымен өткен аппарат отырысында әкім орынбасарлары есеп берді.*



# НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ҚОЙЫЛДЫ

Алғаш болып мінберге көтерілген қала әкімінің орынбасары Ербол Құсайынов бюджеттің орындалысы және өзі жетекшілік ететін кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімдерінің жұмысы туралы ақпарат берді.

– 2021 жылдың 3 айында болжанған түсімдердің көлемі 2 млрд 529,9 млн теңгені құрады. Оның ішінде: кірістер – 2633,2 млн теңге, нысаналы трансферттер – 64,9 млн теңге, субвенциялар – 668,9 млн теңге, бос қалдықтар – минус 837,1 млн теңге. 15 наурыздағы жағдай бойынша бюджетке барлығы 3 млрд 289,1 млн теңге түсті. Оның 2 млрд 303,5 млн теңгесі кірістер, 36,3 млн теңгесі нысаналы трансферттер, 668,9 млн теңгесі субвенциялар. Биылғы жылдың үш айында шығыстар бойынша жоспар 2 млрд 529,9 млн теңгені құраса, бүгінге дейін 2 млрд 319,7 млн теңге немесе 91,7% игерілді, – деген орынбасарына, сондай-ақ қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Виктория Ставицкаяға I тоқсанның қорытындысы бойынша игерілмей қалу қаупі бар 5,5 млн теңгені наурыздың соңына дейін игеру қадап тапсырылды.

Өткен жылдың есептік кезеңімен салыстырғанда биыл шағын және орта бизнес субъектілері мен бөлшек саудадағы тауар айналымы өскенін жеткізген Ербол Құсайынов «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберін жыл басынан 215,1 млн теңгеге 12 жоба, «Қарапайым заттар экономикасы» аясында 5 млрд теңгеге 1 жоба қолдау тапқанын жеткізді. Сәуір айында шаруа қожалықтары мен фермерлерге конкурс негізінде 36 жер телімі пайдалануға берілетінін хабарлаған әкім орынбасары ауыл шаруашылық жерлерін мақсатсыз пайдаланғандармен, жер салығын төлеуден жалтарғандармен жұмыс жолға қойылғанын алға тарты. Бүгінгі таңда мұндай олқылыққа 22 жер пайдаланушы жол берген.

Жылыту маусымы штаттық режимде өтіп жатқанын баяндамасына арқау еткен Қайрат Бапанов қоғамдық көліктің қатынауы, ауыз судың берілуі мен қала көшелерін қардан тазарту жұмыстары ұйымдастырылғанын жеткізіп, 2021 жылға жоспарланған жол жөндеу, жарықтандыру мен абаттандыру, 50 балалар ойын алаңын орнату бойынша конкурстар жарияланғанын айтты. 91-94-орамдарға газ желісін тартудың жұмыс құжаттары әзірлеу қолға алынған. Баяндама соңында қала әкімі Қайрат Бектайұлы орынбасарына екі күннің бірінде сусыз қалатын Қостанкелді мен Бекболатсай ауданы желілерін ретке келтіру бойынша нақты жоспар құруды, тұрмыстық қалдықтарды шығаруға міндетті мердігердің жұмыс кестесі көпшілік назарына ұсынылуы тиіс деген талап қойды.

Зина Ақылбекованың есебінен Жезқазған қаласының қоғамдық-саяси жағдайы тұрақты, білім беру мекемелері өз деңгейінде жұмыс жасап тұрғанын, халықтың осал топына атаулы әлеуметтік көмек берілін жатқанын және Наурыз мейрамы қалай тойланатынын білдік. Қазіргі таңда «Қош келдің, Наурыз» фильм-концертінің түсірілімі жүріп жатқанын тілге тиек еткен ол Ұлыстың ұлы күнінде Алаш даңғылында екі бірдей киіз үй тігіліп, ұлттық құндылықтарды паш ететін көрме өтетінін айтты. Қала жұртшылығы мерекелік концертті лед-экраннан тамашалайды. «Ұлытау» спорт кешені мен «Металлург» стадионында барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып ұлттық ойындар жарысы ұйымдастырылады. Ерікті жастар 1000-нан аса отбасыға азық-түлік себеттерін таратпақшы.

Денсаулық сақтау мекемелерінің бүгінгі жайынан хабардар еткен Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова дәрігер тапшылығын жою бағытында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде соңғы үш жылда Жезқазғанға 33 жас маман келгенін жеткізді. Биыл олардың қатары тағы 20 маманға ұлғаймақшы. Оларды баспанамен қамтамасыз ету мәселесі де өз шешімін тапқан. Коронавирус инфекциясын жұқтырғандардың саны еселеп жатқан көрінеді. Қазіргі таңда инфекциялық орталыққа 50 науқас ем қабылдап жатса, олардың 3-уі жасанды өкпе желдету аппаратына қосылған. Үй карантинінде барлығы 179 тұрғын бар болса, олардың 22-сінде коронавирус инфекциясы анықталған. Індет жұқтырғандарға анализ жасаған Ләззат Нәбиқызы ауырғандардың ішінде 6 шағын аудан тұрғындары басым екенін жасырмады. Осы ретте қала әкімі жағдайды қатаң бақылауға алып, оның себебін анықтауды тапсырды. Сондай-ақ, көпсалалы аурухананың жылы ұзындығы 500 м болатын жылу желісін жөндеуге облыстан қаржы сұрауды, ауруханада көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыруды жүктеді де жезқазғандық отбасылық-дәрігерлік амбулатория басшыларының есебін тыңдайтынын жеткізді.

Келесі болып сөз алған қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Махмұт Смайлов бас жоспарға сәйкес Жезқазғанның батыс ауданына инфрақұрлым тартылып, болашақта ол жақта 10 мың тұрғынға дейін тұрады деп болжады. Қаланың сәнін қашырған ек қабатты үйлердің мәселесін де шешу жоспарланған екен. Кезең-кезеңімен Абай, Байқоңыров, Шевченко, Аманжолов, Холмецкий көшелері бойында орналасқан тозығы жеткен үйлер сүріліп, орнына заманауи тұрғындағы көп қабатты тұрғын үйлер салынбақшы. Мысты өлкеде барлығы 149 үй сырылуы тиіс. Тұрғын үйлердің қасбеттерін бояп, ретке келтіру жұмыстары да жалғасады. 2020 жылы елуден аса үйдің қасбеті жөнделсе, биыл Мира 43, Алашахан даңғылы, Сейфуллин көшелері бойындағы тұрғын үйлер қамтылады.

Қаланы абаттандырумен жасылдандыру бойынша жоспарды ұсынған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов бұл мақсатқа 520 млн теңге қарастырылғанын мәлімдеді. Абаттандыруға – 147,9 теңге, көгалдандыруға – 372,1 теңге. Осы бағдарлама шеңберінде жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 23 конкурсы жарияланған. Өткізілген конкурстық рәсімдердің қоры тындысы бойынша бүгінде 13 нысан бойынша жеңімпазлар анықталған. 2021 жылы Мира, Деев, Алашахан даңғылдары, Жеңіс, Байқоңыров, Ғарышкерлер көшелері бойымен және «Наурыз» саябағына суару желісі тартылып, әуежайға апарар жолдың жиегіне тамшылап суару әдісімен талдар егу жоспарланған. Қаланың тазалығы, абаттандырылуы мен жасыл желектердің суарылуы бақылаудан түспейтінін айтқан Қайрат Әбсаттаров тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсарту жолында атқарылған жұмыстардың сапасына баса назар аударуды тапсырды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ОКРУГ ӨРКЕНДЕЙДІ

***Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін еместігіне назар аудартып, ауылдағы ағайынның тұрмыс-тіршілігін жақсарту мен ондағы өзекті мәселелерді шешуді тапсырған-ды. Бүгінде Жолдау жүктеген міндеттердің орындалысы туралы Кеңгір селолық округінің әкімі Қанағат ЖАНПЕЙІСОВТЕН білдік.***



– Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауының «Жаңа жағдайдағы экономикалық даму» атты екінші бағытында миллиондаған ауыл тұрғындарының табысын арттыруды тапсырды. Жергілікті халықтың негізгі күн көрісі мал өсірумен байланысты болғандықтан біз бірқатар жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Жобалар мал басының санын арттырып, жұмыссыздықтың деңгейін төмендетуге, сондай-ақ, округтің дамуына оң нәтижесін тигізеді, – деген село округінің әкімі инфрақұрылымды дамытып, халықты экологиялық таза әрі қолжетімді өніммен қамтамасыз ету бағытындағы тың жобаларды таныстырды.

2021-2023 жылдар аралығында Кеңгір селолық округінде 11 ірі жоба жүзеге асырылмақшы. Олардың алғашқысы – шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорынды іске қосу. Жеке кәсіпкер Р.Ахтиямов биылғы жылдың қыркүйек-қарашасында ашылы отырған құс етінен шұжық өнімдерін дайындайтын фабрика 30 адамды тұрақты жұмыспен қамтымақ. 2021 жылы Кеңгір селосында «КазГринЭнерджи» қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу зауытын салу жоспарлануда. «Айыртау-Агро» ЖШС 2023 жылға межелеген 100-500 бас ірі қараға арналған бордақылау базасы 30 жаңа жұмыс орнын ашады деп күтілуде. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында биыл өткен жылы құрылысы басталған Теректі стансасындағы 80 орындық мектептің құрылысы аяқталып, «Қазақмыс» корпорациясы 140 балаға арналған балабақша салу жоспарын өміршең етуге кіріспек. Сонымен бірге, округте мал басын асылдандыруға, өсімдік шаруашылығын өркендетуге де баса назар аударылмақ. Кеңгірлік кәсіпкер Гүлімхан Есетова жеке кәсіпкер Абай Байділдаевпен бірге гидропоника тәсілімен мал азығы арпа мен бидай дақылдарын өсіруді жоспарлап отыр. Топырақсыз өсімдік өсіру тәсілі бүгінде ауылдағы №2 орта мектепте оқытылып жатыр. Кеңгірлік оқушылар гидропониканың артықшылығы мен табиғи таза экологиялық өнім өсіруді жақсы меңгерген. 2023 жылы жеке кәсіпкер Абай Байділдаев ет өнімдері, оның ішінде шұжық, темір қалбырда бұқтырылған ет шығаратын шағын өндірістік кешен ашуды жоспарлап отыр.

Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі «Қазақмыс» корпорация қызметкерлеріне 3-5 сотық жер телімдерін бақша дақылдарын отырғызуға берді. Қазіргі таңда Жезқазған қаласының мүгедектер қоғамына картоп егу үшін 320 га жер телімін беруге құжат дайындалуда. Биылғы жылдың жазғы маусымында картоп егіледі. Бұл жоба нарықтағы картоп бағасын тұрақты ұстауға ықпалын тигізеді.

Ауыл тұрғындары да қарап қалып отырмағаны қуантады. Олар қолда бар мал басын көбейтіп, өнімінен пайда табуда. Мысалы, Г.Есетова Жезқазған қаласы мен Кеңгіді етпен, қаймақ, ірімшік, айран, май сияқты экологиялық таза сүт өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған жайы бар. Шаруа иесі күніне 50-80 литр сүт сатады. Көп балалы отбасы Сизовтер әулеті күнделікті 100 литр сүттен напақа тауып отыр.

Екі-үш жылдың мұғдарында өміршең болатын осы жобалар селолық округтің экономикалық әлеуетін арттырып, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға жол ашады.

**Бота ШАЛҚАР**

# ӘДЕПТІЛІК – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ТӘН ҚАСИЕТ

***«Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден» дейді Алаш арысы Әлихан Бөкейхан.***

Халыққа қызмет ететін адамдар өзінің адалдығы мен әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі сияқты қасиеттері арқылы қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы міндет. Демек, адамдар арасында мемлекеттік қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасу қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана кәсіби білім мен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа мемлекеттік қызметшінің мінез-құлық мәселесі бар. Ягни, кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек.

Бұл туралы Елбасы «Қазақстан – 2050» Стратегиясында «өте жоғары этика мен кәсібилік тиімді мемлекеттік аппаратты құрудың негізгі өлшемі болып табылады» деп атап көрсеткен. Сондықтан бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді.

Азаматтар мен қарым-қатынас жасау кезінде біз мынадай ұстанымдарды ұстануға тиіспіз: өз ойымызды дұрыс және дәлелді түрде баяндау; сөйлеп отырған адамның сөзін бұзбай, азаматтың сұрақтарын мұқият тыңдау, әңгімелесушіге құрмет білдіру; жасы үлкен адамдарға, ардагерлерге, мүгедектерге ізгі ниетпен қарау, оларға қажетті көмек көрсету. Шағым түскен жағдайда біз туындаған мәселені жылдам шешу мақсатында бірден шаралар қабылдаймыз және болашақта ұқсас жағдайлардың қайталанбауының алдын аламыз. Мұндай қарым-қатынас бізге мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық мәдениеті мен кәсібилігі туралы оң пікірді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексімен белгіленген талаптарды сақтауға міндетті. Негізінен, мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытынан бос уақыттарында да Әдеп кодексін қатаң ұстануы тиіс. Демек, қызметкер барынша сыпайы, өзінің лауазымдық артықшылығын жәке басының пайдасы үшін қолданбай адал, кез-келген сәтте сабырлы, ұқыпты болғаны жөн. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жеке өмірінде де аңдап басып, өз ісімен өзгеге үлгі болуды естен шығармағаны абзал.

Жұмыстан тыс уақытта біз өз іс-әрекетіміз бен мінез-құлқымызға жауапты екенімізді, кез келген жағдайда әдеп қағидаттарын сақтау қоғамның мемлекеттік қызметке деген жоғары сенімінің негізі болып табылатындығын есте сақтауымыз қажет. Жұмыстан тыс уақытта да беделін түсіретін және қоғам тарапынан сын мен айыптау тудыратын жағдайлардан сырт жүру қажет.

Мемлекеттік қызметші жол қозғалыс ережесін бұзу, алкогольді мас күйде автокөлікті басқару сияқты өрескел әдеп бұзушылықтан аулақ болуы шарт.

**Медина ЕРЖАН,**
**Қарағанды облысы кәмелетке толмағандар істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық №2 сотының кеңсе меңгерушісі**

ДАУ-ДАМАЙ

# ПАРТИЯ ҚАТАРЫНАН ШЫҒАРЫЛДЫ

***«Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасы Қайрат Әбсаттаровтың төрағалығымен Саяси кеңес бюросының отырысы өтті. Бюроның жеті мүшесінің төртеуі қатысқан жиынның күн тәртібінде «Nur Otan» партиясының беделіне нұқсан келтіргендерді саяси ұйым құрамынан шығару мәселесі қаралды.***

Естеріңізде болса, 2020 жылы тексеру жұмыстарын жүргізген Жезқазған қалалық прокуратурасы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде баспаналы болған 9 отбасы тұрып жатқан пәтерлерін босатуы керек деген шешім шығарды. Қадағалаушы органның есептеуінше Сәтбаев көшесі 70 Б мекенжайында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған тұрғын үйдің пәтерлері тек мемлекеттік тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына берілуі тиіс болған. Ал, жоғарыда аталған отбасылар бұл топқа жатпайды, яғни олардың қатарында мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері бар. Пәтер үлестіру кезінде бағдарламаның шарттарымен жіті танысպаған тұрғын-үй бөлу комиссиясының мүшелері пәтерлердің заңсыз бөлінуіне жол берген. 2019 жылдың 14 ақпанындағы №3 хаттамаға қол қойғандардың ішінде партия мүшелері Куанышбек Сансызбаев, Хамзат Жаналин мен Кирилл Даниаров бар. Есімдері аталғандар кезінде лауазымды қызметте болғанымен қазіргі таңда мемлекеттік қызметте емес.

«Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы Саяси кеңес бюросы мүшелері партияның Қарағанды облыстық филиалы партиялық бақылау комиссиясының өздеріне жүктелген жауапкершілікті жіті түсінбеген Қуанышбек Сансызбаевты, Хамзат Жаналин мен Кирилл Данияровты партия қатарынан шығару ұсынысын біраузыдан қолдады. Отырыс соңында қалалық филиалдың төрағасы Қайрат Бектайұлы пәтерлерінен шығарылатын 9 отбасыға қалалық әкімдік бөлек тізіммен баспана беретінін хабарлады.

**Өз тілшіміз**

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ





*Асқар ЕРМЕКБАЙҰЛЫ:*

# НАУРЫЗБЕН БІРГЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗҒА БЕТ БҰРДЫҚ

***Аймағымызға белгілі ұлт жанашыры, ана тіліміздің мәртебесін қорғаушылардың бірі – Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Асқар ЕРМЕКБАЙҰЛЫ. Наурыз мерекесі қарсаңында ақсақалмен жүздесіп, ұлт руханияты мен қоғамның бүгінгі беталысы туралы әңгіме өрбіткенді жөн көрдік.***

***– Асқар Ермекбайұлы, келе жатқан жыл басы әз Наурыз мерекесі құтты болсын! Жезқазғандағы Наурыз мерекесін алғаш ұйымдастырушылардың бірі екеніңізді білеміз. Әңгімені сол кездегі ахуалдан бастасақ.***

– Әрине, бәрі күні кешегідей көз алдымда. Ол кезде Жезқазғандағы «Қазақ тілі» қоғамына Төлеген Бүкіров басшылық ететін. Мен оның орынбасары қызметін атқардым. 70 жыл уақыттан кейін 1990 жылы республика бойынша біздің қаламызда да алғашқылардың бірі болып әз Наурыз мерекесі тойланды. Тойланбас бұрын жергілікті билік тарапынан біраз қарсылық болды. Бұл мәселеге қатысты бірнеше жиналыс ұйымдастырылып, мерекені атап өту жазға қалдырылуы ұсынылды. «Босқа әуре болып қайтесіздер, күн жылынсын» деген сөздердің астарында ниетімізді іске асырғысы келмеген қара ниеттілердің ойлары бұғып жатты. Бүгінде «тілін сүйгіш» болып көрініп жүрген қаланың біраз зиялы қауым өкілдері, «Қазақ тілі» қоғамынан бастарын аулаққа салып, қара бастарының қамы үшін жанымызға жоламады. Содан бір жолы олардың біріне «Туған күнің қашан еді» дедім. Ол қаңтарда екенін айтты. Содан «Онда сен өз туған күніңді атап өтуді жазға қалдырдың ба?» дедім. Мұндай сұрақ қояды деп ойламаған олардың ақыры көнуден басқа амалдары қалмады.

Сонымен көптен күткен Наурыз мерекесінің уақыты да таяды. 70 киіз үй тігіліп, 70 ауылға бөлінді. 21-інен 22-сіне қараған түні, түнгі сағат үшке дейін Наурыздың жайын ақылдастық. Таң ата бере далаға шығып ем, ауа райы -20 градус шамасында тастай суық болып тұр екен. Сонымен «Не болар екен?» деген оймен Наурыз думанын бастап кеттік. Құдайдың қалауы болар, 10-11-лер шамасында ауа райы +10-20 градус аралығында жылып, күн шуағы төгіліп қоя берді. Жер еріп, сай-саладан су ақты. Халық мамыражай көшеге шығып, киіз үйлерге қонақ болып, тамаша мереке орын алды. Біздің де көңіліміз орнына түсіп, ерекше сән-салтанатпен бабамыздан қалған Наурыз мерекесін ұлан-асыр қылып атап өттік. Міне, содан бері бұл мереке жанданып келеді. Жалпы, Наурызбен бірге біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымызға оралып, осы мереке біздің рухани темірқазығымызға айналды десек артық айтқандық емес. Барша түркі жұртына ортақ осы ұлы думан алдағы уақытта да қанатын кеңге жайып, кең әлем мойындайтындай дәрежеде атап өтіліп, ұрпақтан ұрпаққа бұзылмай жете беретініне сенемін.

***– Біраз жыл «Қазақ тілі» қоғамын басқардыңыз. Содан бері қандай өзгерістер болды деп ойлайсыз?***

– Сол кездегі «Қазақ тілі» қоғамының абыройы өте биік еді. Қалкен Мәкенбаев, Аппаз Қаражігітов, Тілеуберген Кәрсембаев, Бақыт Тобағабылов, Әбілқас Нұрлыбаев, Рысгүл Медетбекова, Қазира Жандәулетқызы сынды тіл жанашырларының үздіксіз еңбектерінің арқасында қазақ тілін қолданушылар саны арта түсті. Жезқазғанның іргетасы қаланған сәтте бұл жерде орыс ұлтының үлесі басым болды. Кейіннен ауыл-аймақтардан қазақтар келіп қоныстануының нәтижесінде қазақ халқының саны арта түсті. Ұлтымыздың басынан небір сұмдық жайттар өткені маған да, саған да мәлім. Мысалды алыстан іздемей-ақ, өз басымнан келтірейін. Бастағы бодандықпен Кеңес үкіметіне бағынышты болып жүріп, тілімізден, дінімізден айрылып қала жаздадық. Тіл мен дін құрыған жерде ұлттың да жоқ болатынын сол замандағы билік басындағылар жақсы білді. Ол заманда орысша сөйлей алмасаң, өмір сүруің қиын еді.

1960 жылы № 8 қазақ мектебін 10 қазақ баласы бітірдік. Содан жоғары оқу орнына тапсыруға ниет танытып, емтиханға қатыстым. Емтиханның бірінші кезеңі жазбаша еді. Математикадан ебім бар, бұл кезеңнен 4 алып шықтым. Енді ауызша кезеңінде жаңағы шығарған есебімді қорғап беруім қажет. Ауылдан келген баламын, орысшам дұрыс емес. Бірдеңе қылып, есепті түсіндіріп келе жатып, екіден бір деген бөлшекті орысша айта алмадым. Болмаған соң қазақшасын айтып кеп жібердім. Сынақ алып отырғандардың ішінде бір орта жастағы әйел адам бар екен. Орнынан атып тұрып «Это же дурак. Он же тупой» деп баса жөнелді. Өзім спортшымын. Манадан әрең шыдап тұрған мен оның бұл сөздеріне намыстанып кетіп «Я не дурак. Сама ты дурак» деппін. Содан ана жерде жанжал басталып, ақыры маған емтиханнан қайта өту керегін айтты. Бұйткен оқуларың құрысын деп мен де шыға жөнелдім. Дегенмен ол заманда ауылға қайту ұят саналатын. Оқуға түсе алмай, елге оралуды ар санаған мен политехникалық институтқа бухгалтериялық есеп мамандығына оқуға тапсырдым. Кейіннен инженер-механик мамандығын меңгеріп шықтым.

Кейін «Қазақ тілі» қоғамының жұмысына белсене араластым. 1990 жылдары Жезқазғандағы мектептерде 5 қана қазақ сыныбы болса, 1995 жылы олардың саны 36-ға жетті. Бұл біздің қоғам мүшелерінің еңбегі еді. Олар әр жыл сайын 1-сыныпқа баратын мектеп оқушыларының үйлерін аралап, ата-аналарымен сөйлесіп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізетін. Кейде дүкенге барып, қазақша емін-еркін сөйлесіп тұрған адамдарды көріп, «Еее, заманымыз енді келді-ау!» деп қуанамын. Қынжылатын тұстарым да баршылық. Тәуелсіздігіміз бар, азат елміз. Еркіндігімізге қол сұғуға ешкімнің де батылы жетпейді. Дегенмен тыныш заманда отырып, орысша шұлдірлейтін қазақ жастарының саны әлі де азаймай тұр. Өткенде тіл тағдыры қозғалған көп жиынның бірінде «Қазақ тілінің қолданыс аясын қалай кеңейтеміз?» деген сауал туындады. Сонда оған көп бас қатырудың қажеті шамалы екенін айтқан мен «Жұмысқа қабылдану және шығу туралы өтінішті қазақша жаздырсаңдар жетіп жатыр» деген болатынмын. Расында, қазір құжаттар тілі қазақшаланбай тұр. Осыны да бір жөнге келтірген абзал.

Кезінде «Қазақ тілі» қоғамы тек тіл мәселесімен ғана айналысқан жоқ. Біз қазақ ұлтының мүддесін де қорғай білдік. Мысалы, қалаға қазіргі Елбасы Н.Назарбаев келер уақытта түрлі ұлттардың этно-мәдени орталықтарынан бес-бес мүшеден ғана жазып қойыпты. Содан тізімді қарап шыққан мен 5-тің қасына 0-ді жазып, «Қазақ тілі» қоғамынан 50 адам баратын қылып, шешімді өзгерткіздім.

Кезінде қазақтарға үй тек 1 және 5-қабаттардан ғана бұйыратын. Қалған қабаттардағы пәтерлерді өзге ұлт өкілдері, соның ішінде орыстар иеленетін. Қазақтардың кезегі келіп тұрса да, орыс ұлтына беріп жіберетін. Мұндай жайт сол кездегі педагогикалық институттың оқытушысының басында да болды. Осы мәселені шешу жолында жұдырыққа жүгінген кездер де болған. Бастысы – біз алдымызға келген кез келген қазақ баласының құқығын қорғай білдік. Олардың жұмысқа орналасуына да көмектестік. Кезінде «Қазақ тілі» қоғамында қаржылық тапшылық деген мүлдем болмады. Қоғам көбіне жергілікті полиция басқармасымен тіл табыса алмайтын. Содан бір күні басшылық қызметке генерал Рүстем Қайдаров тағайындалды. Марқұм өте патриот адам еді. Бір жиында «Барлығымыз «Қазақ тілі» қоғамына мүше боламыз. Қарсылық танытатындар бар ма? Келісетіндер қол көтерсін» деді. Сонымен генералдың сөзіне қарсы шығу қайда? Бүкілі бір ауыздан қолдады. Міне, содан бастап бізде қаржылай тапшылық деген болмайтын болды. Қаржылай қолдау керек болса, полиция басқармасының қаржы бөлімінің басшысына қоңырау шалатын болдым. Өзге мекемелерде бір қоңыраудан мәселені шешіп беретін. Ал қазір ше? Қазір «Қазақ тілі» қоғамында көк тиын жоқ. Оларға ешкім қолдау көрсетпейді. Содан кеп жұртқа жағдай айтып, қайыршының күйін кешіп жүр. Бұл дұрыс емес. Бұл мәселені қала әкімі тікелей басшылыққа алуға тиіс. «Қазақ тілі» қоғамына көмектеспегенде кімге көмектеседі? Қолдың қысқалығы, тонның келтелігі ұзаққа апармайды. Осы мәселе бойынша қала әкімі кәсіпкерлерге ұсыныс жасаса, мұндай қиыншылық тумайтын еді. Елге құрмет – тілге деген құрметтен басталатынын естен шығармаған жөн.

Тағы бір айтарым, қазақ тілі – егемендігіміздің тірегі. Тіл саясатына жауапты басшылар да мінезді, ұтқыр шешімді, сөзі өтімді болуы қажет. Бір сөзбен айтқанда сөзің уытты, ісің нақ болғаны дұрыс. Ешкімді басындырмай, осы талапқа сай болғанда ғана қазақ тілінің мәртебесі асқақтайды.

***– Осыдан бірер күн бұрын ғана «Кенжебай болыс» деген жаңа кітабыңыз жарық көріпті. Құтты болсын! Осы еңбегіңіз туралы айтып өтсеңіз.***

– Бұл кітапта адам дәрігері, шипагер Кенжебай болыс туралы айтылған. Ол өз заманының озық ойлы, алдыңғы қатарлы, білімді азаматы болған. Кезінде Ресейден жаңа қала салуға рұқсат алған, кейіннен қуғындалған ол қырғыздар жеріне барып, зығыр шығаратын зауыт ашқан. Оған қоса дәрігерлік қызметін де тастамаған. Ол туралы барлық деректерді қуғындау барысында жойып жіберген. Ол кісі туралы үлкендер аузынан еститінбіз. Соларды жинақтап, кітап қылып шығарғанды жөн көрдім. Әлі зерттелер, айтылар нәрселер көп. Оған қарттық та кедергі болады екен. Неде болса, ұлт тарихына жаны ашитын жастарға бұл кітап жолбасшы боларына сенемін. «Жігітті жолдасынан таны» дейді ғой. Жігіттік кезеңнен бастап қазақ әдебиетінде алтын тұғырды иеленетін жазушы Ақселеу Сейдімбекпен аралас-құралас болдым. Ол маған «Сен журналист болатын адамсың ғой» деп жиі айтатын. Дегенмен, мен түрлі қызметтерде жүріп, аталған салаға аса қатты ден қоя қоймадым.

Атақ қуып, жалған абыройға құмартып, кітап жазғыштардың қатарынан емеспін. Бұған дейін «Шежіре», «Ұрпақтар, ұмытпаңдар Жабай атын!», «Арқада туған алып», «Бұзау болыс» сынды кітаптарым жарық көрді. Дегенмен бұл еңбектерімді мен жергілікті халық арасында белгілі тарихи тұлғалардың өмірінен ұрпағымызға азды-көпті мағлұмат қалдырғанды жөн көргендіктен ғана жазып шығардым. Ал қазір ел білмейді екен деп аузына келгенін айтып, қолы қит етсе кітап шығара беретіндердің қатары артып жатыр. Ондайлар біздің аймағымызда да көп. Тарих бұрмаланбауы қажет. Мен де Ұлытау өңірінің тумасымын. Абыз ақсақалдар аузынан естіген аңыз-әңгімелер мен қисса-дастандар әлі есімде. Соңғы кездері кейбіреулер Сандыбай батырдың ұлы Ерденді біресе батыр, біресе би, еліне жанашыр ұл ретінде айтып, бөсіп жүр. Ия, Ерденнің әкесі Сандыбай елі сыйлаған, халық арасында зор құрметке ие болған кісі болған. Ал Ерден әкесінің жолын жалғаған дей алмаймыз. Ол бір ауылдың 500 бас жылқысын айдап әкетіп, даулап барған Қоңырбайды «Батылың жетіп, Ерденнің алдына келетін сен кімсің?!» деп аяғынан іліп қойып, тірідей өртеп жіберген. Мұндай қастық, мұндай қорлық қаншама адам айтқысыз азапты бастан өткерген қазақ халқының тарихында кездеспеген. Бұл туралы республикаға белгілі Сабыр Шәріповтің зерттеулерінде де айтылады. Соңғы кездері «Ерден ағылшын тілін де үйренгісі келген» дегенді де кітапқа енгізіп жатыр. Ол ағылшын түгілі, орысша білмеген адам ғой. Осы тұста бабамның мәртебесін биіктетемін деп, кейінгі ұрпақты ақымақ қылудың қажеті жоқ дегім келеді.

Мұндай есерсоқтықтықты болдырмау үшін қала әкімінің орынбасарлары, осы руханият, мәдениетке, тұтас идеологияға жауапты бөлімдерінің басшылары өз жұмыстарына зор ыждаһаттылықпен қарай білуі керек. Қай кезде де балық басынан ширитінін естен шығармаған абзал. Ақиқат, шындық үстемдік еткен жерде ғана еліміз дамып, Тәуелсіздігіміздің тұғыры беки бермек!

***– Асқар ата, сүбелі сұхбатыңызға рақмет. Аман болыңыз.***

**Сұхбаттасқан**
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**



***Сөз қадірі мен қасиетін жіті ұғынатын әр қазақ бата алу мен бата беруге баса назар аударады. Ұлттық дәстүр ұлықталар Ұлыстың ұлы күні қарсаңында біз де, ақ батамен көгерген халықтың ұрпағы ретінде ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүр мен өнерді насихаттап жүрген «Ақ әжелер» ансамблінің белді мүшесі Тентек ЖҰМАДІЛДӘҚЫЗЫН әңгімеге тартып, «Жаңа жыл бақыт жылы болсын, малың тоқ, уайым-қайғың жоқ болсын» деп Наурыз батасын алдық.***

***– Тентек Жұмаділдақызы, сұхбатымызды әріден әз-Наурыздың мән-мағынасына үңілуден бастасақ. Наурызды тойлаудың бүгінгі түрі көңіліңізден шыға ма?***

– Кеңес одағы билік құрған кезеңде «діни мереке» деген сылтаумен тойлауға тиым салынып, 62 жыл бойы ұмыт болған мерекенің тарихы тереңде. Ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, нұрдың молығатын,тіршіліктің жаңаратын, өмірдің жаңғыратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңитін кезеңі – Наурыз мейрамының дінге еш қатысы жоқ. Тәуелсіздіктің ақ таңы атқалы бері Ұлыстың ұлы күні 22 наурыз бүгінде қазақ халқының ғана емес жалпыхалықтық мерекеге айналды. Аллаға мыңда шүкір дейміз!

# ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЗОР МЕРЕКЕ

Қазақ халқы ерте заманнан бері осынау күнді ерекше сезіммен қарсы алған. Қыстан күйзеліп шыққан, аузы аққа тиген ел Құдайға шүкірлік айтып, мереке қылған. Ағаш отырғызу, ұлттық тағамдарды әзірлеу, түрлі спорт ойындарын өткізу арқылы халқымыз бұл күннің құрметіне бір-бірін құшағына алып, төс қағыстырып, қайта жарасып жатқан, адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы наурыз көже болған. Көже ішу жыл бойы тоқшылық болудың белгісі саналған. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Атам қазақ әз-Наурыз мерекесінде «Ақ мол болсын!», «Жаратушымыз жарылқасын!» деп, ізгі тілектерін айтқан. Аталған Наурыз жоралғыларының түгелдей дерлігі бүгінгі күні орындалып жатпағанын білеміз. Ұмыт қалған дәстүрлеріміз қаншама?! Мысалы, Наурызда біздің ауылдың үлкендері қайырымдылық жасауға, ізгі тілек тілеуге, мейірім танытуға асығатын. Немеренің үлкені болғандықтан, ата-әжемнің тәрбиесінде болдым. Сондықтан, қаншама игі істің куәгері атандым. Қыстың қыспағынан құтылдық деп бір-бірімен сағыныса көріскен ауылдастарым жетім мен жесірге пана, жарлыға демеу, туғаны жоққа ағайын болатын. Осы айда дүйім жұрт көптеп-көмектеп ұзатылмай қалған қызды құтты орнына қондырып, бойдақтарды үйлендіріп, той жасап беретін. Араздасқан ағайынның арасын қосу да ауыл ақсақалдарының міндеті еді.

1988 жылдан бері қазағыма қайта оралған Наурыз мерекесін тойлаудың әр өңірге, ортаға қарай өз ерекшеліктері бар. Жазылған қағида болмағандықтан кемшін түскен тұстарымыз да жоқ емес. Киіз үй тігіп, думанмен шектелген кездер де болды. Дегенмен, биылдан бастап ұсынылған ұлттық мейрамды тойлаудың жаңа форматы жоғымызды түгендеп, жоғалтқанымызды табуға мүмкіндік бергелі отыр. 14-22 наурыз аралығындағы 9 күнді көрісуге, шежіре таркатуға, табиғатқа қамқорлық жасап, дархандық танытып, ұлттық өнер, қолөнер мен ойындарды дәріптеп, зияткерлігімізді дамытып, ұлттық тағамдарды паш етіп, жоралғыларымызды жаңғыртуға арнау арқылы ұлттық қайнарымыздан қуат алмақпыз. Наурыз тойының беделі 31 желтоқсаннан енді асып түсетініне сене бастағандаймын.

***– Әз-Наурыз мейрамының ұлттық тәрбиедегі орны қандай?***

– Жалғыз Наурыз ғана емес қандай да болмасын ұлттық-дәстүрлік, салтқа байланысты өтетін іс-шаралардың бәрі де ұрпақ тәрбиесіне өз ықпалын жасайды деген ойдамын. Бала кезімізде наурыз мерекесіне үй әктеп, далаға төсек орындарын бір шығарып, кілемдерді қағып-сілкіп, сандықтарды ашатын едік. Сақтаулы матаға дейін бәрін желдетіп жайып қоятынбыз. Негізгі асымыз наурыз көже дайындалып, бауырсағымыз пісіріліп, қазы-қарта асылып жататын. Сонда бізді бір жағынан үй шаруасына бейімдеген шешеміз бен әжеміз ырым мен тиымдардың мағынасын ашып, жөн-жобаны үйрететін. Салт пен дәстүрді ұстанудың қаншалықты маңызды екенін ұғындыратын. Бүгінгі қыз – ертеңгі келін. Сондықтан, қазіргі ата-ана өткен ғасырдың еншісінде кетіп бара жатқан осы бір дәстүрді қайта жаңғыртса деймін. «Тәрбие тал бесіктен» екенін ұмытпасақ, біз ұтамыз. Ананың әлдиін, әженің бесік жырын, атаның ертегісін тыңдап, әкенің ақылын құлағына құйған, ұлттық мұрамыз салт-дәстүрді бойына сіңіріп өскен ұрпақ жаман болмайды. Қайта оңы мен солын танып, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытуды, обал мен сауапты біліп өседі.

***– Наурыз көже дайындаудың сырымен бөліссеңіз.***

– Қазақта «Басқа амандық, асқа адалдық берсін» деген сөз бар. Сондықтан, ас, оның ішінде наурыз көже дайындауға асқан жауапкершілікпен қараймын. Ертемен тұрып, жуынып-шайынып, басыма ақ орамалымды, үстіме оюлы қамзолымды киіп, күміс әшекейлерімді тағынамын. Көже пісіру зор ықыласты талап ететін еңбек. Қарапайым ғана ас көрінгенімен, дайындау әдісі бойынша әркімнің өз тәсілі мен ережесі болады. Сондықтан әр үйдің көжесі бірі-біріне ұқсамайды. Әркайсысының дәмі әр түрлі. «Әр елдің салты басқа» демекші, наурыз көжені дайындауда бәріне ортақ қағида бар. Көженің 7-ден кем емес қоспасы болуы шарт. Алмағайып заманда ас-арқау болған сол дәндер қазақ үшін қасиетті саналады. Бидай – молшылықтың, берекенің, ырыстың бастауы. Ал күріш пен тарының, жарманың қадір-қасиеті бидайдан кем емес. Тұз – тағамның дәмін кіргізетін қоспа саналғанымен, ағзаға йодты тасымалдайтын қасиетке ие. Қазақтың ұлттық тағамы ет пен құрттың қандай қасиеті барын айтып жатудың өзі артық сияқты. «Ақ мол болсын» деген ниетпен көжеге қатық не айран қосылады. Біздің үйдің көжесі де осы аталған жеті қоспадан тұрады. Әндете жүріп, көжеге бар махаббатымды саламын. Сонда оның дәмі тіл үйіреді. Үйге келген ағайын-туысқа, көрші-қолаң мен немерелерге наурыз көжеде кие барын айтып, толтыра-толтыра құйып беремін. «Наурыз көжені тойып ішсе, жыл бойы тоқшылық болады» деген ырымға сенемін. Оларды да үйретіп қойдым *(күледі)*.

***– Апа, енді тақырыптан сәл ауытқып, оқырманға өзіңіз жайлы айтсақ. Есіміңізді неге Тентек қойған?***

– Ырымшыл халықпыз. Одан аманатқа қиянат жасау да бізге жат. Әкем мен анамның маған дейінгі үш баласы 2,5-3 жасқа келіп, шетінеп кете берген екен. Сонда атам мен әжем теміржолдағы қызметтерін тастатып, балаларын Ұлытаудың Қарабұлақ деген жеріне көшіріп алған. Анам Алладан бала тілеп отырып, көзі ілінип кеткенде түсінде «қыз туасың, есімін Тентек қой» деген аян алған. Осылайша, мен – Тентекпін. Менен кейін дүниеге тағы үш бала келді. Қазір жасым – 73-те. Бүгінге дейін өз атымнан өзім ұялып, қысылған кезім болмапты.

***– Біз Сізді қазір «Ақ әжелер» ансамблінің белді әншісі, Қарағанды облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған Аналар кеңесінің мүшесі ретінде жақсы танимыз. Ал, бұған дейін қандай қызметте болдыңыз?***

– Мен өмірімді медицинаға арнадым. Ұлытаудағы №1 орта мектепті бітірген 1966 жылы Жезқазған медициналық училищесіне фельдшер-акушер мамандығы бойынша оқуға түстім. Еңбек жолымды Айыртау ауылында бастап, екінші жылы Бозшакөлде жалғастырдым. Қыстақтарды ат шанамен аралап, келіншектерді аман- есен босандырып жүрдім. Апталап жас босанған аналарға сорпа пісіріп, баласын бағып берген кездер де бастан өтті. 1976 жылға дейін балалар медбикесі, акушер, аудандық профилактикалық-дезинфекция бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқардым. Зейнеткерлікке шыққанға дейін 30 жыл бойы Ұлытау аудандық ауруханасында бас медбике қызметінде жүрдім. Адам емдеумен қатар ауданның қоғамдық өміріне белсене қатысқанды жақсы көрдім. 1999 жылы аудандық мәслихатқа депутат болып сайландым. Сол жылы орталық ауруханада «Отан»-ның бастауыш партия ұйымын құрып, медицина қызметкерлерін партия құрамына келуіне атсалыстым. 2005 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сенімді өкілі ретінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгенім тағы бар. «Тау гүлі» хорына мүшелік етіп, 1988 жылы Қарағандыда өткен «Сарыарқа әуендері» фестиваліне отбасымызбен қатысып, жүлдегер атанғанбыз. Осы еңбегім елініп, әр жылдары марапатталдым. Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, медицина саласының үздігі атанып, «Еңбек ардагері», ҚР Тәуелсіздігінің мерекелік медальдерін кеудеме тақтым. 2011 жылдан бері «Ақ әжелер» ансамблінде өнер көрсетіп жүрмін. Отағасы Олжатай Жакупов екеуіміз – Амангелді, Құралай мен Алтынай есімді ұл-қызды тәрбиелеп, қазір оннан аса немеренің ата- әжесіміз. Аллаға мыңда бір шүкір, балаларымыз оқып, тоқыды. Қазір еліміздің гүлденуіне үлес қосуда. Немеренің алды жоғары оқу орнында оқиды.

***– Уақыт тауып, сұрақтарымызға тұщымды жауап бергеніңізге алғыс білдіреміз. Отбасыңызға амандық тілеп, шөберенің қолынан су ішу бақыты бұйырсын дейміз. Ұлыс оң болсын!***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# НАУРЫЗ – ІЗГІЛІК МЕЙРАМЫ




*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Өз кезегінде мұндай іс-шаралар адамдардың жүрегіне ұлттық сезімін құйып, көңіліндегі сәулені байытуға игі әсерін тигізгені анық. 2010 жылғы 19 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 64-сессиясында «Әлем мәдениеті» бағдарламасының 49-тармағына сәйкес «Халықаралық Наурыз мерекесі» деп аталатын қарардың қабылданғаны бекер емес. Сөйтіп, мереке БҰҰ тарапынан да толықтай мойындалды.

Тәуелсіздік жылдарында төрімізге еркін шыққан Наурыз мерекесі еліміздегі барлық ұлттарға ортақ мейрамға айналды. Бұл – ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының күні. Қазақ халқы мерекеге Ұлыстың ұлы күні деген екінші атау берген. Наурыз мерекесі жаңғырып, жаңарып заманауи өмірге үйлесімділігін танытуда. Қоғамда достық пен келісімнің нығаюы жолында үлкен рөл атқара бастады. Бұл өте маңызды. Ел ішінде келіспеушілік пен түсініспеушілік орын алған болса, осынау мейрам күні жойылады деген сенім бар. Яғни өкпе-реніш атаулы түгел тарқап, кешірім үстемдік құрады. Дәстүрге сай осы күні ақсақалдар халыққа жақсы тілек айтып, бата береді. Әдетте бұл жақсы тілектер: «Халық гүлдене берсін! Ақ мол болсын! Келген жыл молшылық әкелсін! Бүкіл жамандық пен барлық қара іс жер бетінен жойылсын! Ата-бабамыздың рухы әрдайым бізге қолдау көрсетсін!» деген сөздермен аяқталады. Сөйтіп, қазақтың ақ баталары мен ізгі тілектерінің Наурыз мерекесі сынды ұстанымдардан қалыптасқанына сенесің. Себебі, наурыздың осы күндері бүкіл дүние жайнап, жадырап тұрады. Адамдардың көтеріңкі көңіл күйі табиғаттың жайма-шуағымен әсем үйлесім табады. Әрине, жер көлемі жағынан әлемнің тоғызыншы территориясы болып саналатын Қазақ елінде табиғаттың тосын сыйлары болуы мүмкін. Дегенмен, Наурыз мейрамында қар жауса да, бұл жақсылықтың белгісі. Ерте заманнан бері қыздардың сұлулығын Наурыз мейрамында жауған ақшақармен салыстырған.

Бір сөзбен айтсақ, Наурыз мерекесі – бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қайырымдылық жасау мәдениетін дамыту, сонымен қатар қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыруды мақсат тұтқан ұлтымыздың ұлық мейрамы. Ендеше, өмірге жаңаша қарауға шақыратын, алдағы күндерден тек үміт күтіп қана қоймай, игі істерге, жақсылықтарға жетелейтін Наурыз мерекесі бәрімізге құтты болсын!

**Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ**
*Нұр-Сұлтан қаласы*

27 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕАТР КҮНІ

***С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры үшін биылғы жылдың өзіндік ерекшеліктері мол. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде театр Жезқазған жерінде қанатын қатайтып, өсіп жетілді. Алдағы жылы жарты ғасырлық белесіне көтерілетін өнер ордасы осы кезеңде есею жолдарынан өтіп, айтарлықтай зор жетістіктерге жетті. Драма театрына 1981 жылы Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Серәлі Қожамқұловтың есімі берілгені белгілі. Биыл сахна саңлағының туғанына 125 жыл толады. Іргелі ұжымға бұл да тың серпіліс жүктейтін сәт. Қазір осы айтулы кезеңдер қарсаңында қожамқұловтықтар шығармашылық ізденістерін ширатып, жаңа биіктерге жетуді меже тұтуда.***

***Бұған дейін Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы шығармашылық зертханасының продюсері, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында маркетинг және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы, театр директорының ұйымдастыру мәселелері жөніндегі орынбасары сияқты қызмет жолдарынан өткен жас маман Досхан СӘКЕННІҢ Жезқазған театрына директор болып келгеніне де жеті-сегіз айдай уақыт өтіпті. Бізбен әңгіме барысында жаңа басшы театр жұмысын одан әрі жандандырып, жаңа белеске көтеру бағытындағы бастамалары мен алдағы ой-жоспарларын ортаға салған еді.***



# ЖАҢА БЕЛЕС ҚАРСАҢЫНДА

Жаңа межелерді белгілеген театр ұжымы бүгінде тың серпіліс үстінде. Жақында Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Иран-Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?» драмасының премьерасы автордың қатысуымен үлкен аншлагпен өтті. Қоюшы-режиссер Теміржан Жанботаевтың шешімімен әкесі – Құнанбай мен баласы Абайдың арасындағы қарым-қатынасты сол дәуірдегі ескі мен жаңаның бітіспес тартысы ретінде суреттеп, бүгінгі қоғам деңгейімен шендестіре ой өрбітуі көрермен қауымды да, авторды да ерекше әсерге бөледі. Кейінгі жылдары С.Қожамқұлов театрының негізін қалаушылардың бірі, талантты режиссер Жанат Хаджиев атындағы Халықаралық фестиваль өткізу дәстүрге айналған болатын. Театр тарланын еске алуға арналған дәстүрлі фестиваль биыл да қыркүйек айында жалауын көтермекші. Ол С.Қожамқұловтың 125 жылдығына арналады. Алайда, пандемия індетіне байланысты іс-шараның ауқымын әзірше нақты жоспарлай алмай отырған көрінеді. Директордың айтуынша, онлайн тәртібімен болса да міндетті түрде өткізіледі. Серке Қожамқұловтың туған күні 5 мамырға қарай театр ұжымы қала әкімінің қолдауымен «Наурыз» саябағына 125 түп ағаш отырғызуға ниеттеніп отыр. Сахна тарланын еске алып, құрмет көрсету жөнінде басқа да шаралар белгіленген. Өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін экспозициялар әзірленеді. Жезқазғандықтардың бұл бастамасына қолдау білдірген Қостанай облыстық музейі арнайы экспозицияларымен келмекші. Сондай-ақ, Серағаң ұзақ жылдар қызмет жасаған М.Әуезов атындағы драма театры да бірталай суреттер мен жәдігерлер беретін болыпты. Осы жұмыстардың негізінде театрда үлкен көрме ұйымдастыру жоспарлануда.

Театр Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған қойылымдарды сахнаға шығаруды мақсат тұтуда. Осыған орай қазіргі танымал драматургтердің бірі Олжас Жанайдаровтың «Жұт» драмасын дайындауға кірісіпті. Бұл күрделі драма Мәскеудің К.Станиславский электротеатрының актері Азамат Нигмановтың режиссерлығымен қойылады.

– Азамат Нигманов – Сочидегі «Кинотавр» және Алматыдағы «Евразия» фестивальдарында «Үздік ер рөлін» сомдағаны үшін жеңімпаз болған талантты театр және кино шебері. Омбы драма театры лицейін, Б.Щукин атындағы Театр институтын бітірген. Сахнада Константин Райкин сияқты шеберлермен иық тірестіріп ойнаған ол Олег Табаков атындағы сыйлықтың иегері атанған. «Жұт» қойылымын қолға алар алдында осында келіп, біздің актерлармен шеберлік сыныбын өткізіп кетті. Алдағы сәуір айында бұл жаңа қойылымның өндірістік жұмыстары жүргізіледі. Қоюшы-суретші Франциядан келетін маман болады. Мұның өзі бір жағы біздің актерларымыздың халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуына мүмкіндік беру үшін жасалуда. Қойылымды мамыр айында сахнаға шығарып, премьераны көрермен назарына ұсынбақпыз. Бұл қойылыммен сырт жерлерде өтетін Халықаралық фестивальға қатыссақ деген де ойымыз бар. Сонымен қоса, Ресейдегі қазақтар шоғырланған Орынбор, Омбы қалаларына гастрольдік сапармен шығу да жоспарлануда, – дейді театр басшысы Досхан Сәкенұлы.





Досхан өзі актер ретінде кинода ойнаған, режиссер мамандығы бойынша да оқыған екен. Жаңа басшы С.Қожамқұлов театры әртістерінің құрамына, олардың қабілет-қарымына көңілі толықтай толатынын аңғартты. Іргелі ұжымда барлығы 119 адам еңбек етсе, олардың көбісі нағыз өз ісінің майталмандары. Сахнаның шынайы шеберіне айналған талантты әртістер қатары да аз емес. Театрдың ғимараты, материалдық базасы да бүгінгі өскелең талапқа сай келеді. Акустикасы ойдағыдай, көрермен сахнадағы актерлардың әрбір қимылымен қатар, ішкі демін де қапысыз сезінеді десе болғандай. Тек жарық беру технологиясы ескірген. Қазірде шетелдік жарық жабдықтарын алу мәселесі шешіліпті. Конкурс өткізіліп, мердігер анықталған. Енді мамыр айында премьера көрсетілген соң жабдықтар орнатылады. Жарық беруші мамандарды жаңа технологияға сай оқыту да көзделуде. Жалпы, театр директоры сахна мамандарының үнемі ізденіп, оқып, толысу үстінде болғанын жөн санайды. Театрдағы ойнау технологиясының уақыт өткен сайын өзгеруі бүгінде осыны талап етеді. Соған орай спектакльді көрсету әдісін де өзгерткісі келеді. Алматыдағы Ғ.Мүсірепов театрының актері Ерлан Кәрібаевты ұстаз ретінде шақырып отырған көрінеді. Ол осында келіп актерларды шеберлікке баулу сабақтарын жүргізетін болыпты. Алдағы уақытта театр маусымында 5 жаңа қойылымды сахнаға шығару жоспарланған. Оның екеуі қуыршақ труппасының еншісінде. Жалпы театрға, қойылымдарды сахналау технологиясына жаңа леп әкелу мақсатында Астанадан Ислам Нұртазин, Ғ.Мүсірепов театрынан Фархат Молдағали сынды режиссерларды шақыру жөнінде келісім жасалыпты. Алдағы межелердің бірі әнші-композитор, ерекше талант иесі Жақсыкелді Сейілов туралы қойылым төңірегінде екен. Осыған жақсы сценарий болса дейді. Мақсат – өнерпаздың өмірбаянын өру емес. Жақаң – жалғанның жарық сәулесін көре алмаса да өзінің өміршең сыршыл әндері арқылы өмірдің барлық шуағы мен қуанышын шынайы сезініп өткен жан. Қойылымға осы дәйекті арқау етіп, әсерлі музыкалық концерт-спектакль шығарғылары келеді.

– Облыстық мәдениет басқармасының шақыруы бойынша Жезқазғанға келуімнің сыры – С.Қожамқұлов театрының тарихына, жетістіктері мен даңқына бұрыннан жақсы қанық едім. Осыған орай, театр өнеріне байланысты ойларымды жүзеге асыруға мүмкіндік туғанына қуандым. Оның үстіне бұл қала маған бөтен емес. Кезінде әкем осында ішкі істер органында қызмет істегенде өзімнің келіп-кетіп жүрген қалам. «Бүгінде қазақ театры қай бағытқа қарай жылжып, дамуы керек» деген ой мені жиі мазалайды. Осыған байланысты көзқарастарым мен ойлаған жобаларым бар. Осы іргелі ұжымдағы талантты актерлармен бірлесе еңбек етіп, сол мақсаттарыма жол ашқым келеді. Келесі жылғы театрдың 50 жылдығына әзірлік те бізге ауқымды міндеттер жүктейді. Ең бастысы – көрерменнің талғамына сай, сапалы қойылымдар әзірлеп сахнаға шығару, – дейді Досхан Сәкенұлы.

Иә, бүгінгі көрерменнің талғамы да өзгеше. Соған орай, сахнадағы ойын өрнектерін де жаңартып, тартымды көрсете білу – уақыт талабы. Көрермені бар театр – табысты театр дейді екен бүгінде. Олай болса, қожамқұловтықтарға әрдайым көрермен көңілінен шығып, табысты бола беріңіздер дейміз!

**Амандық РАХҰЛЫ**

*Суреттерде:* ***театр директоры Д.Сәкенұлы және жаңа қойылымнан көріністер.***

# ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

***Қазақ халқына ежелден мұра болып қалған бағалы жәдігерлердің бірі – ұлттық музыкалық аспаптар.***



Тек қана ерекше әуезбен тыңдарманға ерекше көңіл күй сыйлау үшін ғана емес, аңшылық кәсіпте, жаугершілік заманда соғыс құралы ретінде қолданылған ұлтымыздың музыкалық аспатары қанша ғасыр өтсе де қадірін жоғалтқан емес. Олардың жасалу жолы мен қолданыс аясы қазірге дейін көпке қызықты екені белгілі. Осы орайда Жезқазған тарихи-археологиялық музейі «Тарихқа тағзым күні» аясында өз көрермендеріне таптырмас мүмкіндік ұсынып, шеберлік сабағын ұйымдастырды. Т.Қалмағамбетов атындағы филармонияның қызметкері, реставратор Азамат Бақияның қатысуымен өткен шара «Көне ұлттық музыкалық аспаптардың жасалу әдісі» деп аталды.

Реставратордың шеберлік сабағына «Жас өлкетанушы», «Жас экскурсовод» үйірмелерінің қатысушылары және балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы мен Жезқазған қаласының мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар және жасөспірімдер мектебінің оқушылары қатысты.

Шара барысында көне ұлттық аспаптардың тарихы мен техникасы жайлы айтылып, үрлемелі сазсырнай аспабының жасалу жолы көрсетілді.

# БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТТЫ

***Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жылдағы дәстүрге сай Наурыз мерекесіне дайындықты бастап кетті.***



Балаларға төл мерекемізді кеңінен дәріптеп, олардың бойына ұлттық құндылықтарды молынан сіңіруге арналған шараға Бақытжан Мұқанов, Влада Виноградова және Дильназ Серік есімді өнерлі өрендер қатысты. Ән-биден шашу шашқан оларды бөлім басшысы Ләйла Әлкебаева құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Бірер күннен соң Жаңа жыл, әз Наурыз босағамыздан енгелі тұр. Күн мен түн теңеліп, Самарқанның көк тасы еритін осынау айтулы мереке баршаңызға құтты болсын! Біз балаларымызға жастайынан ата-бабамыздан қалған мереке мен оның мән-мазмұны туралы, салт-дәстүрлеріміз жайлы толығырақ ақпарат беруіміз қажет. Сонда ғана ел болашағын бекем етер Отансүйгіш жастар тәрбиеленіп шығады. Бүгінгі шараға балаларының қатысуына мүмкіндік тудырған ата-аналарға зор алғысымды білдіремін, – деген Ләйла Батырқызы жас өнерпаздарға Алғыс хаттар мен сыйлықтар табыстады.

– Маған бүгінгі шара қатты ұнады. Біз ұлттық киімдер киіп келдік. Мен ән айтып, би биледім. Барлық ұйымдастырушыларға рақметімді айтамын, – деген Бақытжан да жиналған жұртшылықты Наурыз мерекесімен құттықтады.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

# САДАҚШЫЛАРДЫҢ КЕЛЕШЕГІНЕН СЕНІМ МОЛ

***Жүгірген аң мен ұшқан құс қашып құтыла алмайтын мергендер қазақ даласында қашаннан-ақ аз болмаған. «Құралайды көзге атқан» деген тіркестің қалуы да осыдан болса керек-ті. Замандар легімен қолданыстан шығып, тек спорт түріне айналған садақ ату спорты қазіргі таңда Қазақстанның біраз жерінде қолға алынбаған. Көбіне Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Орал қалалары мен Павлодар, Түркістан, Талдықорған облыстары аумағында енді-енді дамып келе жатқан аталған спорт түріне қызығушылық танытушы жастар мысты шаһарда да баршылық. Қазіргі уақытта оларға бапкерлік етіп жүрген жалғыз азамат – Мейрімхан ЕРАЛИЕВ.***



Өзбекстанның Бұхара облысы, Газли қаласында дүниеге келген ағамыз ержете атамекеніне оралған. Содан 30 жылға жуық уақыт типорафия саласында еңбек еткен ол садақ ату спортына зейнетке шыққаннан кейін келген. 63 жасында қолына денешынықтыру мамандығы бойынша диплом алды.

2015 жылы бизнесті дамыту орталығы ұйымдастырған моноқалаларды дамытуға арналған бизнес-жобалар байқауында грантты жеңіп алған Мейрімхан Сейілұлы аталған қаржыға 10 садақ сатып алады. «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген мақалды ұраны етіп, осы іске белін буына кіріскен ол бүгінде 40-қа жуық жас садақшыларды тәрбиелеп отыр. Жақында өткен садақ атудан Қазақстан Республикасының чемпионатына шәкірттерін апарып келген Мейрімхан аға бұндай жарыстардың жастарға берері мол дейді. Садақ атуда мергендік, дәлдікпен қатар шыдамдылық және жауырын күшін дұрыс пайдалану маңызды екенін айтқан ол алдағы уақытта Жезқазғанның барлық ауыл-аймағындағы жастарды садақ ату спортына баулығысы келеді.



Жезқазған бойынша жас мергендер тәрбиелейтін жалғыз елді-мекен – Сарыкеңгір ауылы. Ернар Смағұлов есімді ұстаздың арқасында ауыл жастары Қазақстан Республикасы чемпионатына қатысу мүмкіндігіне ие болды.

– Біздің балалардың үйренері әлі де көп. Республикалық жарыс тәжірибе алмасуда өте маңызды. Аталған чемпионатқа көптеген арнайы спорт мектептерінің оқушылары келді. Өкініштісі бұл спортпен айналысушы қаракөздеріміз аз екен. Дегенмен ауылдан келсе де, менің шәкірттерім 5-6 жылдан бері садақ атумен айналысып жүрген өзге спортшылардан оқ бойы оза шапты. Аталған жарыста Алдияр Сәлім және Айша Ернарқызы атты шәкірттерім Қазақстан Республикасы садақ, арбалет және дартс федерациясының президентінің Алмаз Мырзабековтің Мадақтама грамотасын иеленді. Біздің ауылдан келгенімізді естіген ол таңданысын жасырмады. Мен Алаша хан, Жошы хандар жатқан аймақтан келгенімізді айттым. Болашақта Жошы хан атындағы чемпионат өткізуді ұсындым. Өз ризашылығын білдірген ол, алдағы уақытта бұл мәселе бойынша ойланатынын жеткізді, – деген Ернар ұстаз ауыл оқушыларының республикалық жарысқа қатысуына мүмкіндік тудырған Жезқазған қаласының әкімі мен спорт бөлімі басшылығына, қолдау білдірген замандастарына алғысын білдірді.

Чемпионатта өзге аймақ жастарының 1-1,5 млн сома көлеміндегі садақтарды қолданғанын, ал біздікілердің садағы арзандығына байланысты жастардың мүмкіндігін ашып көрсете алмағанын да тілге тиек еткен ол туған өлкенің спортына қолдау көрсетер демеушілерді іздейтінін де жасырмады.

**Топтаманы дайындаған Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ШАҒБАН – ШАРАПАТЫ МОЛ АЙ



*«Кімде кім шағбан айын құрмет тұтып, ол айда тақуалықпен Аллаға құлшылық етіп, жаман іс-әрекеттер мен күнәлардан бойын аулақ ұстаса Алла тағала күнәларын кешіріп, сол жылғы болатын түрлі ауру-сырқаттан аман сақтайды».*

**(Зубдатул Уағизин. Дурратун насихин фил уағзи уал иршад» кітабы, 278-бет)**




Алланың қалауымен биылғы жылдың 14-наурызынан Шағбан айы басталады. Пайғамбарымыз мұндай кезде (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жаратқан Ием, Ережеп пен Шағбан айларында береке бер. Рамазан айына аман жеткізе гөр» деп дұға қылатын еді. Шағбан айы – көптеген қасиеттерді өз аясында қамтыған құлшылық айы. Алла Тағаланың пенделеріне деген ризық-несібесін молайтатын ай. Жақсылық атаулы бүршік жарып, береке біткен артып, ғибадат-құлшылықты жан-тәнімен атқарушылардың қателіктері кешіріліп, күнәларынан арылатын ай. Аллаһ елшісі (Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Шағбан айы кіргенде, өздеріңізді тазалаңыздар және ниеттеріңізді дұрыстаңыздар» деп, мұсылман қауымына парыз болған Рамазан айына дайындық жасауға шақырған. Иә, бұл – дайындық айы. Ертедегі мұсылмандар Рамазан айының оразасына жарты жыл дайындық жасап, асыға күтетін болған. Рамазанға деген ықыласы мен құрметінің жоғары болғаны соншалық, рамазан айы аяқталғанда, қимай қоштасып, рамазанның рухани шуағына шомылып, соның әсерінен алты ай бойы арыла алмай жүретін. «Көптеген жақсылықтардың бастауы» деген мағынаға ие «шағбан» сөзімен аталған қасиетті ай, Ережеп айының бітуінен хабар беріп, Рамазанның жақындағанын сүйіншілейді. Шағбан арабтың бес әрпінен тұрады. Шин, айн, бә, әлиф, нун. Шин – Алла Тағаланың шарапаты, айн – дәрежесінің көтерілуі, бә – Алланың жақсылығы, әлиф – Хаққа жақындау, нун – Алланың нұры. Яғни, осы айда ораза ұстаған адамға Алланың шарапаты жауады. Осы айда ораза ұстаған адамның Алла құзырындағы дәрежесі артады. Жаратушының жақсылығы төгіледі, Аллаға жақындай түседі және Хақ нұрына бөленеді. Саңлақ сахабалар Шағбан айын бекер өткізбейтін. Барынша ораза ұстап, құлшылыққа бейімделіп, Құран Кәрім сүрелерін көп оқып, жаттайтын. Сүйікті Пайғамбарымыз (Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ережептен кейінгі кезекте Шағбан айына ерекше көңіл бөлген. «Алла Тағалам, Ережеп пен Шағбан айларын берекелі ете гөр. Бізді Рамазанға аман-есен жеткіз»,-деген дұғасын жиі айтатын. Қасиетті Шағбан айына белгілі бір дайындық жасаудың мәні зор. Шағбан айында мұсылманның иманы толысып, кемелденеді. Әрі Пайғамбарымыз бұл айды ерекше ұнатып, осы айды ораза ұстаумен өткізетін. Біздің жасаған барлық амалдарымыз, бәлкім, бір жылдық амалдарымыз Шағбан айында Раббымыздың құзырына көтеріледі. Амалдарымыз Раббымыздың құзырына әр түні, әр күні, әрбір дүйсенбі және бейсенбі күндері және Шағбан айында көтеріледі. Алла елшісі адам баласының күн сайынғы амалының көтерілетініне анық мысал келтіріп: «Жандарында күндіз–түні алма–кезек ауысып отыратын періштелер бар. Олар таң және екінті намазының уақытында кезек алмастыру үшін жиналады. Содан кейін түнімен сендермен бірге болған періштелер Алланың құзырына көтеріледі. Алла Тағала бәрін біліп тұрса да олардан: Сендер кетерде құлдарым не істеп жатыр еді? – деп сұрайды. Періштелер: «Біз кетерде олар намаз оқып жатқан еді. Қайтып барғанымызда да намаз оқып жатыр екен,» – деп жауап береді» деген. Али бин Әбу Талибтен (р.ғ.) риуаят етілген бір хадис шәрифте былай делінген: «Алла Тағала шағбанның он бесінші түні дүние аспанына түседі. Мыналардан өзгенің бәрінің күнәлары кешіріледі. Кешірімнен тыс қалғандар: мүшрік, мұнафық, туысымен қарым-қатынасын үзген және зинақор әйел». Алла Тағаланың «дүние аспанына түсуі» деген сөзі, оның рахметі мен берекетінің, қайыр мен нығметінің түсуі.

Иә, қадірлі мұсылман қауымы, осы қасиетті шағбан айын нәпіл оразасыз, басқа да ізгі амалдарсыз өткізіп алмауға тырысайық. Уақыт бізге Аллаһ тағаладан берілген үлкен нығмет, оны бағалай білейік.

Пайғамбарымыз: «Адамдардың көбі қадірін білмеген Аллаһ тағаланың екі нығметі бар. Ол: денсаулық пен бос уақыт» (Ибн Абасстан, Бухари) деген. Ал, үлкен ілім иесі ғалым Хасан Басри: «Уақыт адам баласынан: «Ей, адам баласы! Мені қандай амал жасап өткіздің, мен жақсы істеріңнің куәсімін. Кетсем, қайта оралмаймын. Ақыретте пайдалы болып оралуым үшін, қалағаныңша ізгі амалдарды жасап қал! дейді» депті. Хақ Тағала біздің өміріміздің әрбір сағатында сынауда. Құранда бұл жайлы:

«..Міне, біз ондай күндерді Алла шынайы мүміндерді анықтасын, сондай-ақ араларыңнан бірқатар куәгерлер таңдап алсын деп адамдар арасында алма-кезек ауыстырып тұрамыз», – деген.(«Әли Имран» сүресі,140 -аят)

Шағбан айында берекелі Бараат түні бар. Бараат – күнәлардан тазарып, оттан құтылуға мүмкіндік беретін, дұғалар қабыл болатын, кері қайтарылмайтын берекелі түн. Биыл Бараат түні біздің елде 28 наурыздан 29 наурызға қараған түнге сәйкес келіп тұр.

Бараат түні жайында Айша анамыз (одан Алла разы болсын) былай айтқан. «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бұл түннің не түн екенін білесің бе?» – деп сұрады. Мен: «Алла және Оның елшісі жақсы біледі», – деп жауап бердім. Сонда ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Бұл – Шағбан айының он бесінші түні. Алла Тағала бұл түні құлдарына мейіріммен қарайды, кешірім іздеушілерге кешірім береді, кешірім сұраушыларға Өзінің мейірімін төгеді. Бірақ жүрегінде ашу-ызасы бар кісілерді мейірімсіз қалдырады әрі олар зұлымдықтан арылмаса, оларды жарылқамайды да»,** – деді (Бәйһақи).

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айша анамызға: «Бұл түнде не болатынын білесің бе?» – деді. Айша анамыз (одан Алла разы болсын): «Уа, Алла елшісі! Бұл түнде не болады?» – деді. Ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Онда адам балаларының осы жылда туылатыны және осы жылы дүниеден өтетіндері жазылады. Онда олардың амалдары (Алланың құзырына) көтеріліп, ризықтары (пенделеріне) түседі (белгіленеді)»**, – деді («Мишкат әл-Мәсабих», 115).

Иә, бұл түнде Алла Тағала кейбір адамдарды бақытқа кенелтіп, кейбіреуін мейірімінен ұзақтатады, біреудің дәрежесін көтеріп, біреудікін түсіреді, біреуін сыйлыққа жетелейді, тағы біреуін одан құр қалдырады.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Бес түнді ұйықтамай құлшылықпен өткізген адам міндетті түрде жәннатқа кіреді. Олар – Тәруия, Арапа, Құрбан айт, Ораза айт және Шағбанның он бесінші түндері»,** – деген («Әт-тәрғиб уәт-тәрһиб», 2/98).

Бұл түндерді құлшылықпен ояу өткізу – мұстахаб. Сондықтан мұндай істерді жалғыз өткізген жақсырақ. Фиқһ ғалымдары қасиетті түндерде, мысалы Бараат түнінде мешітке жиналуды мәкруһ санаған. Хасан ибн Аммар Шурунбуләли (оны Алла рахмет етсін) бұл туралы: «Жоғарыда айтылған және басқа да қасиетті түндерді арнайы ғибадатпен өткізу мақсатында мешітке жиналу – мәкруһ. Өйткені, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да, сахабалар да олай істемеген», – деп айтқан («Хашият ат-Тахтауи», 326).

Олай болса, қадірменді мұхтарам жамағат Алла Тағала келіп жеткен Мүбарак Шағбан айын және ұлық Бараат түндерін баршамызға құтты қылып, осы айды Алла разылығы үшін тағат-ғибадатпен өткізуді шын жүрегімізден ынталандырсын. Еліміз көркейіп, дініміз марқая берсін!

**Нұрперзент ЕЛАМАНҰЛЫ,**
**Жезқазған қаласы**
**Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы**

## 2021 ЖЫЛҒЫ СӘУІР АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

*Жезқазған қаласының уақыты бойынша*

| Сәуір | Күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бейсенбі | 05:40 | 07:05 | 13:36 | 18:04 | 20:02 | 21:27 |
| **2** | **Жұма** | **05:38** | **07:03** | **13:36** | **18:05** | **20:03** | **21:29** |
| 3 | Сенбі | 05:35 | 07:01 | 13:35 | 18:06 | 20:05 | 21:31 |
| 4 | Жексенбі | 05:33 | 06:59 | 13:35 | 18:07 | 20:06 | 21:32 |
| 5 | Дүйсенбі | 05:31 | 06:57 | 13:35 | 18:08 | 20:08 | 21:34 |
| 6 | Сейсенбі | 05:28 | 06:55 | 13:35 | 18:09 | 20:09 | 21:36 |
| 7 | Сәрсенбі | 05:26 | 06:53 | 13:34 | 18:10 | 20:11 | 21:38 |
| 8 | Бейсенбі | 05:24 | 06:51 | 13:34 | 18:11 | 20:12 | 21:40 |
| **9** | **Жұма** | **05:21** | **06:49** | **13:34** | **18:12** | **20:13** | **21:41** |
| 10 | Сенбі | 05:19 | 06:47 | 13:34 | 18:13 | 20:15 | 21:43 |
| 11 | Жексенбі | 05:17 | 06:45 | 13:33 | 18:14 | 20:16 | 21:45 |
| 12 | Дүйсенбі | 05:14 | 06:43 | 13:33 | 18:15 | 20:18 | 21:47 |
| 13 | Сейсенбі | 05:12 | 06:41 | 13:33 | 18:16 | 20:19 | 21:49 |
| 14 | Сәрсенбі | 05:10 | 06:39 | 13:32 | 18:17 | 20:21 | 21:50 |
| 15 | Бейсенбі | 05:07 | 06:37 | 13:32 | 18:18 | 20:22 | 21:52 |
| **16** | **Жұма** | **05:05** | **06:35** | **13:32** | **18:19** | **20:23** | **21:54** |
| 17 | Сенбі | 05:03 | 06:34 | 13:32 | 18:20 | 20:25 | 21:56 |
| 18 | Жексенбі | 05:00 | 06:32 | 13:32 | 18:21 | 20:26 | 21:58 |
| 19 | Дүйсенбі | 04:58 | 06:30 | 13:31 | 18:21 | 20:28 | 22:00 |
| 20 | Сейсенбі | 04:56 | 06:28 | 13:31 | 18:22 | 20:29 | 22:02 |
| 21 | Сәрсенбі | 04:53 | 06:26 | 13:31 | 18:23 | 20:31 | 22:04 |
| 22 | Бейсенбі | 04:51 | 06:24 | 13:31 | 18:24 | 20:32 | 22:06 |
| **23** | **Жұма** | **04:48** | **06:22** | **13:31** | **18:25** | **20:33** | **22:08** |
| 24 | Сенбі | 04:46 | 06:21 | 13:30 | 18:26 | 20:35 | 22:10 |
| 25 | Жексенбі | 04:44 | 06:19 | 13:30 | 18:27 | 20:36 | 22:12 |
| 26 | Дүйсенбі | 04:41 | 06:17 | 13:30 | 18:28 | 20:38 | 22:14 |
| 27 | Сейсенбі | 04:39 | 06:15 | 13:30 | 18:29 | 20:39 | 22:16 |
| 28 | Сәрсенбі | 04:37 | 06:14 | 13:30 | 18:29 | 20:40 | 22:18 |
| 29 | Бейсенбі | 04:35 | 06:12 | 13:30 | 18:30 | 20:42 | 22:20 |
| **30** | **Жұма** | **04:32** | **06:10** | **13:29** | **18:31** | **20:43** | **22:22** |

*Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.*

# ИСЛАМДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

***Біз өмір сүріп жатқан қазіргі қоғамда кез-келген адам баласының бойынан жауапкершілік, аманатқа беріктік, әділдік, шыншылдық, сабырлық секілді қасиеттерді іздейтініміз жасырын емес. Себебі қоғам көркем мінез иелеріне мұқтаж. Яғни жаман мінезді ортаның қалыптасуы, таралуы – адам мен адам арасындағы тепе-теңдікті бұзып, қоғамның құлдырауына әкеп соғатыны белгілі. Ол үшін не істемек керек?***

Ұлы мінезге ие болған, теңдессіз тұлға, еліктеуге ең лайықты болған сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне берік болу осы күрмеуі қиын мәселенің шешімі екені даусыз. Алла Тағала өзінің сүйікті құлы, Ардақты Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мысал етіп: **«Расында сендер үшін Алланы, ақырет күнін үміт еткендер және Алланы көп еске алғандар үшін Алланың Елшісінде көркем өнегелер бар»** («Ахзаб сүресі», 21-аят) деуі бекер емес. Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің қандай мақсатпен жіберілгенін тілге тиек етіп: ***«Расында, мен көркем мінезді кемелдендіру үшін жібердім»*** (Бұхари) деуі де ойналарлық.

Иә, көркем мінез жүрегі тасқа айналған қоғамды жібектей жұмсақ етіп тәрбиелеу тетігі екені рас. Бүгінгі мақаламызда көркем мінезді адамның ең басты ерекшелігінің бірі қазіргі қоғамдағы адамдарға аса қажет жауапкершік қасиеті туралы сөз қозғауды жөн санадық.

Жауапкершілік – адамның белгілі бір іске, тапсырылған міндетке жауапкершілікпен қарап, оны қалай да орындап, жүзеге асырып отыратын адамгершілік қасиетінің көрінісі. Жауапкершілігі мол адам болғысы келетін тұлға әуелі міндетті ісін орындап шығуы үшін сол жұмыстың мән-жайын жете түсініп, үнемі мезгілінде атқарудың әдіс-тәсілін қарастырады. Сөйтіп орындаған ісінің өзі мен өзгелерге нендей нәтиже бергенін айқын аңғарып, көпшілік қауымға тигізетін пайдасын ойластырып, азаматтық борышын орындау керек. Уақыт өте келе жеке басы мен қоғам алдында атқарған еңбегінің жемісті екеніне көзі жетіп, барлық қажеттіліктерді қанағаттандырудың негізі еңбекте екенін терең ұғынады.

Қоғам алдында азаматтық борышын атқаруымен бірге өз басына жүктелген жауапкершілікті орындап шығу – кісілік беделді қалыптастырып, іскерлікті шыңдаса, міндетті істі атқаруымен бірге өз мінезіндегі ерік-жігерін, қайраттылығы мен табандылығын көрсетеді. Жүктелген міндетке жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстарына, жора-жолдастарына, жалпы әлеумет алдында беделді кісі деп бағаланып, оның абыройы үнемі үстем болады. Сөйтіп жауапкершілігі күрделі істерді атқаруға сенімі артып отырады.

Жауапкершіліктің кері ұнамсыз жағы – жауапсыздық. Жауапсыз адам міндеттелген іске салғырт қарап, жүктелген міндетті дұрыс орындамайды. Ондай адам қоғам алдында абырой-беделге ие бола алмайды. Атқарған жұмысы сенімсіздік тудырып, адамдар оның ісінің шала-шарпылығын бетіне кінә етіп тағады. Жауапкершілік тек мінезде ғана көрініс таппайды. Ол сезімдерде, қабылдауларда, саналауда, қатынастарда, мінез-құлықтың әр түрлі формаларында көрініс табады.

Жауапкершіліктің негізгі белгілері – тұлғаның өз міндеттерін атқарудағы тиянақтылығы, ісіне адалдығы, әрекеттерінің салдарына жауап бере алуы, шыншылдығы мен әділдігі. Әр адам ерік-жігеріне қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы көбіне оның жауапкершілігіне байланысты. Сол себепті рухани құлдыраудың жолын емес, рухани өсудің бағытын таңдаған, жауапкершілікті сезінетін тұлға болуды мақсат еткен адам сол жолда мүмкіндіктер іздеп, талмай еңбек етуі қажет. Атақты инженер-конструктор, практикалық космонавтиканың негізін қалаушы С.Королев: «Істегісі келетін адам – мүмкіндік, істегісі келмейтін адам сылтау іздейді», – деп осыны меңзесе керек.

Жауапкершілікті терең сезініп, өзіне жүктелген міндетті бұлжытпай орындаған Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) баршамызға үлгі. Қашанда өз сахабаларына жауапкершілігі мол адам болуды үндеп, тәрбиелеп, бағыт-бағдар беріп отыратын. Өйткені жауапкершілігі мол адамдар анағұрлым саналы әрі мұқият әрекет ететінін білетін.

Ардақты Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Әрбір адам бағушы әрі қол астындағыларға жауапты. Мемлекет басшысы да қол астындағыларға жауапты. Ер адам отбасы үшін жауапты. Соларға жауап береді. Әйел күйеуінің үйіне жауапты. Сол үшін жауап береді. Қызметші қожайынының малына жауапты. Қолына табысталғандарға жауап береді. Әрбірің бағушысыңдар әрі қарамағындағыларыңа жауап бересіңдер»*** (Бұхари, Мүслім) деген. Яғни қоғамдағы түрлі деңдейдегі адамдардың белгілі бір жауапкершілігі бар екенін меңзеген.

Алаш арысы Әлихан Бөкейхан: ***«Басшы әділ болмай жұрт ісі оңға баспайды»*** деген екен. Осыған ұқсас «Ақылды басшың болса, адаспассың», «Әділ патша гүлстанға ұқсайды» деген сияқты даналық сөздер бекер айтылмаған. Демек, қоғамды бірлік-ынтамаққа ұйыстыратын, халықтың амандығын, қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басшылардың ең басты қасиеттерінің бірі осы жауапкершілік екен. Ал жауапкершілік пен әділдіктің тырнақ пен терідей бір-бірінен ажырамайтыны және әділдікті сүйетін басшы жауапкершілікті де қаперінен шығармайтыны бесенеден белгілі.

Ислам тарихына көз жүгіртсек, мүміндердің әміршісі, Халифа Омар ибн әл-Хаттабтың әкімдерге қойған талаптары төмендегідей болған екен:

Дін істерін орындау (Ислам дінін тарату, намазды оқу, дін және оның негіздерін сақтау, мешіттер салу, қажылық істерін жеңілдету);

Өз аймағындағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Жорықтарды басқару;

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету;

Қызметкерлер мен жауапты тұлғаларды тағайындау, т.б.

Әр ер адам өз жауапкершілігін терең сезінсе, оны бұлжытпай орындаса әрі әрбір ісінде, сөзінде әділдіктен таймаса ажырасу деген болмас еді. Қоғам тыныш, халық бақытты болар еді. Атам қазақ «Отан – отбасынан басталады» деп бекер айтпаған. Ер кісі өз отбасы үшін жауапты болуы себепті, өз міндеттерін толық орындау керек. Ал ер адамның отбасы алдындағы міндеттері төмендегідей:

Нәпақамен қамтамасыз ету;

Жұбайының білімін жетілдіруге жағдай жасау;

Жұбайының табысына қол сұқпау;

Төркініне барып тұруына рұқсат беру;

Баласынан айырмау т.б.

Әйел – үйдің берекетін келтіруші. Ерінің үйін таза ұстап, балаларын бағып тәрбиелеуі, үй жұмыстарын істеп, тамақ әзірлеп, ерінің тапқан табысын үнемдеп отырса, оның өз жауапкершілігін сезінгені деп білеміз. Әйелдің міндеттері:

Күйеуіне бағыну;

Ар-намысына кір келтірмеу;

Күйеуін «әке» болу арманынан мақұрым етпеу;

Ері алдында сәнденіп, хош иісті әтір себіну;

Күйеуінің рұқсатынсыз өзге ер адамдармен сөйлеспеу;

Күйеуінің рұқсатынсыз сыртқа шықпау;

Күйеуі ұнатпайтын адамдарды қонаққа шақырмау;

Күйеуінің мал-мүлкіне ие болу т.б.

Міне, жауапкершілік қасиетіне қатысты қоғамдағы ең басты тұлғаларды сөзге тиек еттік. Десе де жоғарыдағы хадисте айтылғандай, әрбір адамның, әрбір ортада, қоғамда, отбасында, жұмыс орнында белгілі жауапкершілігі бар, әр адам өз қарамағындағыларға жауапты екенін және қарамағындағылары үшін сұралатыны да тілге тиек етілген. Ендеше, Алла алдында жүзіміз жарқын, Ардақты Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) лайықты үмбет болу үшін қоғамда, отбасында сенімді, абыройлы адам болу үшін жауапкершілікті терең сезіне білуіміз міндет.

**Нұрлыбек КҮЗЕНБАЕВ,**
**Ақтөбе қалалық орталық мешітінің бас имамы, РАНТ мүшесі**




***Аллаға шүкір, еліміз егемендігін алғалы етек-жеңімізді жиып, рухани дүниелеріміз түгенделуде. Ұлттығымыздың негізгі белгілері – дініміз бен діліміз, тіліміз қайта түлеп, жаңғыра бастады. Бұл ең әуелі Ұлы Жаратушы Алла Тағаланың бізге деген сыйы деп ұғынуға тиіспіз.***

Жалпы, ертеректегі ғұлама-ғалымдардың пайымдауынша, ел болып қалыптасу үшін бірқатар тіректердің болу қажеттілігі айтылады. Олар – діні, тілі, жері, тарихы, ұлттық тағамы, ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Сондай-ақ әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі тағы бар. Қазақ халқының ұлттық салт-санасы мен әдет-ғұрыптары Ислам дінімен тығыз байланысты. Дін мен ділдің, салт-сана мен шариғи ғұрыптардың өзара астасуы елдің бірлікте, ынтымақта өмір сүруіне негіз қалайды. Қазақтың киелі топырағынан қаншама ғұламалар шықты. Аты әлемге мәшһүр, екінші ұстаз атанған әл-Фараби, ақын-шайыр, сопы Қожа Ахмет Иассауи, атақты ғалым Сүлеймен Бақырғани, т.б. Олар үлкен ғалым болумен қатар барлығы да діннің аса білгір маманы еді. Біз, өскелең ұрпақ, осындай ұлы адамдардың жерлесі болғандықтан, олардың атына кір келтірмеуге тиіспіз.

Жалпы дін мен дәстүрдің өзара байланысы аса қажет. Қазақ халқының күнделікті тұрмыс тіршілігі, әрбір іс-әрекеті Исламмен астасып жатыр. Мәселен, қазақтың ең үлкен дәстүрлі тойларының бірі – шілдехана. Баланың дүниеге келуі бір ғана отбасының емес, бүкіл ауылдың, елдің қуанышы болған. Бала – өмірдің қызығы. Атам қазақтан «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деген аталы сөз қалған. Сондықтан ата-бабаларымыз сәби дүниеге келген кезде салт-дәстүр бойынша жаңа туған нәрестеге арнап қой сойған. Бұл дәстүр шариғатта «ақиқа» деп аталады. Ал қазақ салт-дәстүрі бойынша «қалжа» делінеді. Атаулары бөлек болғанымен негізгі атқаратын міндеттері бірдей. Яғни туған нәрестенің амандығы және жаңа босанған әйелдің күш жинап, әлденіп алуына да пайдасы мол. Қалжаға «ақиқа» қойы ер балаға екі, не бір қой соятын болған. Ал қыз балаға бір қой сойған. Сонымен қатар бұл үрдіс жаңа босанған әйелдің аяқ-қолын бауырына алып, ыстық сорпа ішіп, өзіне-өзі келу мақсатында жасалады. Мұндай қамқорлық ертеңгі күнгі баланың дұрыс өсіп-қалыптасуына және әйелдің денсаулығы мықты болуына тигізер әсері көп. Ата-бабаларымыз босанған әйелді 40 күн бойына жылы үйде ұстап, ерекше күтім жасаған. Асыл дініміз Исламда да әйел босанған уақыттан бастап, 40 күн бойы бірқатар жеңілдіктер берілген. Яғни, етеккірі кезінде намаз оқымайды, ораза ұстамайды, күйеуіне жақындаспайды. Тағы бір мәселе – ақиқаға сойылатын малдың үкімі жайында. Сойылатын қой барлық жағынан алғанда семіз әрі күтімді болуы тиіс.

Қазақтың ең үлкен дәстүрлерінің бірі шілдехана тойы да ислам дінімен тығыз байланысты. Бұл дәстүр жаңа туған баланың туғанына қырық күн толғанда жасалады. Осы тұста шілдехана сөзінің қайдан шыққанына тоқтала кетсек. Шілдехана сөзі парсы тілінен енген. Шил – «40», хана – «той» деген мағынаны білдіреді. Яғни босанған әйелге 40 күн толған күні ел жұрт жиналып, үлкен той жасап, нәрестені бесікке салады. Діни тұрғыдан айтар болсақ, босанған әйелге 40 күн аяқталған соң намаз оқып, ораза тұтуға, қажылыққа баруға, Құран кітабын ұстауға, күйеуімен жақындасуына рұқсат етіледі. Біздің қазіргі қоғамда, әртүрлі діндер мен түрлі өркениеттер тоғысқан тұста мұндай елдік, діни дәстүрлер толыққанды сақтала бермеуі мүмкін. Немесе дінді ұстанғансып, ділдік дәстүрлерімізден қалып қоятын жағдайға жол беріліп жатады. Керісінше салт-дәстүрлерді ұстандым деп, діни қайшылыққа да орын берілетін кездер аз емес. Жалпы жоғарыда айта өткендей, дәстүрдің дінімізбен, ділміз дәстүрімізбен өзара астасып жатса нұр үстіне нұр.

**Мұхамеджан ЕСТЕМІРОВ,**
**Шымкент қаласы бас имамының орынбасары**

ЛЕБІЗ

# МОЛ ТӘЖІРИБЕНІ ТЕРЕҢ БІЛІММЕН ТОЛЫҚТЫРҒАН ҚАЗЫНАЛЫ АҚСАҚАЛЫМЫЗ



***Ұлытау, Жезқазған аймағына барып, ел тарихынан бастап бүгінгі ахуал мен өзекті мәселелерге дейін терең түсіндіре алатын кісі іздесеңіз, көзі қарақтылар сізді бүгін сексеннің сеңгіріне шығып отырған Сағындық Үсенұлы ҚОЖАМСЕЙІТОВКЕ бағыттайды. Тынымсыз ізденіс пен іждахаттылық табиғатына тән Сәкең – мол тәжірибені терең біліммен толықтырған қазыналы ақсақалымыз.***

Қиын кезеңде дүниеге келіп, ел енді есін жия бастаған шақта ер жеткен Сағындық Үсенұлы қай жаста, қай жүйеде болмасын ел мүддесіне қызмет жасаудың кілтін табу үлгісін көрсетуде. Қай лауазымда болмасын Сағындық ағамыз зиялыға тән кішіпейілдігінен айныған емес.

1989 жылы біз «Ұлытау» қозғалысын құрып, экологиялық және мәдени мұра мәселелерін жергілікті билік пен космодром өкілдері алдында қоя бастаған сәттен ұйым басшысы ретінде Сағындық Үсенұлымен жақын танысу сәті түсті. Облыстық атқару комитеті төрағасы орынбасары ретінде Сәкең сол кезде ақ азаматтық жанашырлықтан туған бастамаларды қолдап, билік пен қоғамдық ұйым кей мәселені бірлесе шеше алатынын көрсете білді. Кеңестік жүйеге «Қайта құру» ептеп қан жүгірткенін ел мүддесіне пайдалана білген Сағындық Үсенұлы «Ұлытау» қозғалысының көптеген ұсыныстарын қолдап, облыс құзыретіндегісін тікелей шешуге септесіп, қажет болғанда оларды орталық органдарға жеткізуге де көмектесті. Бұл үйлесімді іс қимыл «Теректі әулие» петроглифтерін қорғағанда, «Ұлытау» мемлекеттік қорығын ашуда, Отырар-Ұлытау маршрутымен «Кіші Жібек жолы» экспедициясын ұйымдастыруда өз жемісін берді.

1992-1994 жылдары облыс әкімі орынбасары ретінде көптеген бастамаларды көтеріп, мәселелерді шешуде де әрдайым Сағындық Үсенұлының мол тәжірибесіне жүгініп отырдық. Одан бері де байланысымыз үзілген емес. Таяуда ғана ұлы бабамыз Бабыр бидің ескерткіші ашылуында кездесіп, сұхбаттастық. Би бабаның мерейтойына байланысты дайындықтың үйлестірушілері ретінде Сәкең іскер де жанашыр Өзденбай ағамызбен бірге астанамызға да талай келіп, бірнеше мәрте мәслихат құрғанбыз.

Сәкеңмен әрбір сұхбат мазмұнды болып келеді. Ол кісі қай лауазымда, қай жаста болмасын ізгілік пен сыпайылықтың, терең талдау мен жанашырлықтың үлгісін көрсетуден танған емес. Елге абыройлы қызметіңіз әлі ұзақ жалғассын, құрметті Сағындық Үсенұлы! Жүз жасаңыз!

**Әлихан БАЙМЕНОВ,**
**Мемлекеттік қызмет саласындағы**
**Астана өңірлік хабы басқару комитетінің төрағасы**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



***Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, архив саласының ардагері, қадірменді Сағындық ҮСЕНҰЛЫ!***

80 жастың сеңгіріне шығып отырған мерейлі тойыңыз құтты болсын!

Өңіріміздегі архив саласының қарыштап дамуына зор үлес қосып, еселі еңбегіңізбен халыққа деген ілтипатыңыздың арқасында ел құрметіне бөлендіңіз. Қызмет барысында беделі биік азамат ретінде танылып, игі істердің қасынан табылдыңыз. Еңбек жолында талай басшылық қызметтерді абыроймен атқардыңыз. Сол еңбегіңіздің бүгінде зейнетін көріп отырсыз. Өзіңіздей өнегелі өмір иесін әріптестеріңіз әрқашан мақтан тұтады.

Бүгінгі қуанышты күніңізде мерейіңіз үстем, мерейтойыңыз құтты болсын! Отбасыңызға береке-байлық, шығармашылығыңызға толайым табыстар тілейміз. Абыройыңыз асып, ел құрметіне бөлене беріңіз!

**Ізгі тілекпен, Жезқазған қаласының**
**мемлекеттік архив ұжымы**

# ЖЕКЕ КӘСІПКЕ ЖОЛ АШАДЫ

***Қазіргі таңда жеке кәсіпке қызығушылық танытушы және өз кәсібінен нәсіп тауып жүрген қыз-келіншектер саны артып келеді. Осы тұста жезқазғандық нәзікжандылар арасындағы кәсіпкерлікті дамытуға арналған жаңа жоба қолға алынбақ. Алдағы уақытта «Business Lady Qazaqstan» бірлестігінің филиалы біздің қаламызда да өз жұмысын бастайтын болады.***

Аймақтағы жеке кәсіпке икемді, өз бизнесін ашу ойы бар әйелдер қауымына кәсіпкерліктің қыр-сырын үйретіп, көшбасшылыққа баулуға арналған жоба «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асқалы отыр.

– Әйелдер, аналар қауымы білек сыбана кіріссе алынбайтын қамал жоқ екені бәрімізге белгілі. Бүгінгі уақыт нәзікжандылардан қаржылай сауатты, қоғамдық өмірде белсенді, жеке кәсіпте алда болуды талап етеді. Біз осы мақсатта жұмыс істейміз. Біздің жобаға тек Қазақстаннан ғана емес АҚШ, Франция, Литва елінің іскер ханымдары да мүше. Жобаға қатысам деген мысты шаһар ханымдарының жасына шектеу жоқ, – деген «Business Lady Qazaqstan» бірлестігінің төрайымы Сәуле Қайсар алдағы уақытта қаламызда түрлі тренинг-курстар өтетінін айтты.

Алдымен көп балалы аналар мен ауылдық елді-мекендердегі әйелдер қауымына қолдау көрсетіп, кәсіп бастаудың алғышарттарымен бөлісті. Алдағы уақытта да жоба аясында бизнеске ниетті арулар мен аналарға бизнес-тренерлер, заңгерлер, психологтар мен сәнгерлер көмек көрсетпек.

Бұдан былай бірлестіктің қалалық филиалына Меруерт Досымбаева жетекшілік ететін болады.

# АДАЛДЫҚ САҒАТЫ: «ТУРАЛЫҚТЫ ТҰҒЫР ЕТКЕН ТӨЛЕ БИ»




Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кезекті «Адалдық сағаты» қазақ халқының шешендік өнеріне, ел бірлігін нығайтуға орасан үлес қосқан ойшыл, дана, туралығын айтар шешен Төле би бабамыздың жас ұрпаққа өнеге болар ғибратты ғұмыры мен өсиеттеріне, даналығы мен жеке қасиеттеріне арналды.

«Туралықты тұғыр еткен Төле би» тақырыбындағы онлайн-бейнедәріс барысында жастар Төле бидің осынша тарихи биік тұлға дәрежесіне жетуіне себеп болған тұлғалық қасиеттерімен танысты.

Соның негізгілері: ел мұратына деген кіршіксіз адалдық, билік айтардағы қара қылды қақ жарған әділдігі, ақиқатты ту етіп көтеруі.

Төле бидің өмірлік ұстанымындай болған «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөзі адалдық пен парасаттылықтың, әділдік пен туралықтың биік өлшемі. Нақты осы қасиеттері бүгінгі өскелең жас ұрпақ үшін – таптырмас өнеге.

Төле бидің өмірі дүниеге жаңа қадам басқан жастардан бастап, ересек тұлғаларға дейін рухани ұстаным бола алады.

Заманын болжай білген Төле би «Алдыңа келсе бітпес дау, әділін айтып қорғаңыз» деп әділдікті ең басты құндылық ретінде ұстанады.

Сондықтан да бабамыздың әрбір сөзі тәрбиелік мәні зор адамгершіліктің алтын қоймасы іспеттес.

Төле би әр істе ұятты ұмытпауға шақырады. Жаман қасиеттерден алшақ болуға, еңбексүйгіштікке үндейді: «Жас адамға басты кесір – еріншектік, ортаншы кесір – ұйқышылдық, кенже кесір – тілазарлық» деп жағымсыз қасиеттерден сақтандырады.

Төле би бабамыздың ізгі әрекеттері мен биік болмысы, даналығы мен тапқырлығы, қара қылды қақ жарып айтар туралығы, әділ шешімі мен билік кесімдері елге қызмет етемін деген әрбір азаматқа үлгі болуы тиіс.

Дана бидің ұрпағына аманат еткен асыл сөздері нағыз ақиқат пен парасаттылықтың ұшқыны ретінде «Мәңгілік ел» идеясымен ұштасып жатқандай.

Естеріңізге сала кетсек, Агенттікпен жастар арасында парасаттылық пен патриоттық сезімді нығайту мақсатында, әр апта сайын атақты тұлғалар мен Қазақстанның жас көшбасшыларының еңбегі мен өмір жолына негізделген онлайн «Адалдық сағаттары» өткізілуде.

Бейне-дәріске сілтеме**:**
***https://youtu.be/oco0qFCBJDo***

**ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы**
**іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі**

# «ПАРАСАТ АЛАҢЫ» ПАРАСЫЗ ӨМІРДІ ҚОЛДАЙДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

***Еліміздің барлық өңірінде ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова мен ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевтің арасындағы ынтымақтастық меморандумына сәйкес «Адалдық алаңы» жобасы аясында «Парасат жолы» орталықтары ашылып жатқаны белгілі.***



Аталған орталық алғашқылардың бірі болып Жезқазған қаласында да қызметін бастады. С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде ашылған орталықтың ашылу салтанатына Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты және облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті жанынан құрылған ақпараттық-насихат штабының басшысы Бекзат Алтынбеков, Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлзада Шомаева, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағының Жезқазған аймағы бойынша төрағасы Батырбек Мырзабеков, «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ғазиз Ештанаев, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров, Жезқазған қалалық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының басшысы Салтанат Нұрлыбаева, Жезқазған қалалық тарихи-археологиялық музейдің директоры Раушан Құрмашова және жастар ресурстық орталығының мамандары мен БАҚ өкілдері қатысты.

– Аталған меморандумның мақсаты – азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзара ынтымақтастықты нығайту, парасаттылық идеологиясын ілгерілету және кез келген сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне мүлде төзбеушілікті қалыптастыру. Осы орайда қаламыздағы С.Сейфуллин атындағы және М.Әуезов атындағы кітапхана филиалында және Кеңгір, Сарыкеңгір ауылдарындағы кітапханаларда «Парасат жолы» орталықтары ашылмақ. Барлық жақсылық кітаптан бастау алатыны белгілі. Осы орайда тек кітапқа құмар оқырмандарға ғана емес, барша Жезқазған жұртына адалдық мен арлылық ұғымдарын тереңінен түсіндіруді жөн деп санаймыз. Осы мақсатта қаламыздың зиялы қауым өкілдерінен қолдау мен жаңа ұсыныстар күтетін боламыз, – деді орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы Ғалия Түгелбаева.

Одан кейін Бекзат Алтынбеков, Төлеген Бүкіров және Батырбек Мырзабеков орталықтың салтанатты ашылу лентасын қиды. Әрі қарай сөз алып, сыбайлас жемқорлық пен оның алдын алуға қатысты ұсыныс-тілектерін білдірген ағалар қауымы орталық жұмысын дамыту үшін әрдайым қолдау білдіруге даяр екендіктерін жеткізді.

# БАЛАЛАР БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ КЕРЕК

***«Түнгі қаладағы балалар» акциясы биыл да жалғасын тапты. Жезқазған қалалық полиция басқармасы ювеналды полиция тобының мамандары және мектеп мұғалімдері мен психологтардың қатысуымен өткен шара барысында түнгі уақытта ата-ананың қарауынсыз немесе заңды қамқоршының бақылауынсыз жүрген балаларды анықтады, сондай-ақ полиция тіркеуінде тұрған жасөспірімдердің үйіне барды.***

Акция барысында қараусыз жүрген 6 бала ұсталып, олардың екеуінің ата-анасына өз міндеттерін дұрыс атқармағандықтары үшін Әкімшілік кодекстің 127-бабы бойынша хаттама толтырылды. Оған қоса дүкендерге де тексеру жүргізілді. 21 жасқа толмаған тұлғаларға алкогольді сусындар мен темекі өнімдерін сатқаны үшін екі жеке кәсіпкерге Әкімшілік кодекстің 200 және 423-баптары бойынша айыппұл салынды.

– Қазіргі таңда ювеналды полиция зерттеуіне сәйкес 27 берекесіз отбасы тіркелді. Оған қоса 21 кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірім тізімге алынды. Биылғы екі ай көлемінде кәмелеттік жасқа толмаған бір жасөспірімнің қылмыстық ісі анықталды. Бұл былтырғымен салыстырғанда 5,6 пайызға артық көрсеткіш. Аталған акция барысында балалардың бейберекет жүрмеуі ғана қадағаланып қоймайды. Біз барлық балалар мен жасөспірімдерге, олардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз, – деген Жезқазған қаласы полиция басқармасының ювеналды полиция тобының аға инспекторы Жансәуле Құрманбаева ата-аналардан сақтық шараларын күшейтіп, бала өмірі мен тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарауды сұрады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## *Тәуелсіздік жылнамасы*

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

***2000 жыл***

• 12 қаңтарда Жезқазған университеті бірыңғай электрондық бағдарламалық жүйеге көшті.

• 23 ақпанда «050502-Пайдалы қазбалар орнын жер астында игеру» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес ашылып, желтоқсан айында тұңғыш рет кандидаттық диссертация қорғалды.

• 2 наурызда «Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде» XI аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі басталды.

• 31 наурызда Жезқазған қалалық еңбек және халыққа әлеуметтік көмек көрсету бөлімі құрылды.

• Мамыр айында қала әкімі Ж.Ибадилдиннің шешімімен «Белгілі тұрағы жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу» орталығы ашылды.

• 28 шілдедегі Жезқазған қалалық мәслихатының №6/67 шешімімен қаламыздың солтүстік батысындағы 6-шы мөлтек ауданда орналасқан Советская көшесі көрнекті халық жазушысы Ілияс Есенберлиннің құрметіне өзгертілді.

• Шілдеде Жамбыл облысында «Қазақмыс» корпорациясына қарасты «Шатыркөл» руднигі іске қосылды.

• 1 тамызда ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Жезқазғанға жұмыс бабындағы сапармен келіп, Оңтүстік Жезқазған кенішінде болды, жаңадан пайдалануға берілген «Байқоңыр» қонақ үйінде «Қазақмыс» корпорациясының активімен бас қосып, «Самсунг» фирмасы жөнінде оң пікірін білдірді.

• Жезқазған педагогикалық училищесі Жезқазған гуманитарлық колледжі болып қайта құрылды.

• №11 қазақ орта мектебі ашылып, мектеп директорлығына К.Р.Жолдыбаева тағайындалды.

• «Алтай-Дунай» экспедициясының II кезеңі өтті.

***2001 жыл***

• ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» (23.01.2001) заңына сәйкес қала әкімі жанындағы алқа орнына қала әкімі жетекшілік жасайтын алқалы атқарушы орган Жезқазған қаласының әкімдігі құрылды. Құрамы 9 адамнан тұратын қала әкімдігі қалалық мәслихаттың XV сессиясының (30.06.2001) шешімімен мақұлданды.

• Ақпанда ғалым, медицина ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері академик Т.Шарманов атындағы кітап үйі ашылды.

• 22-25 ақпан аралығында XII аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі өтті.

• Мамыр айында «Қазақмыс» корпорациясы «Wored Quality Commitment Award» (жоғары) сапалы өнім үшін алтын дәрежелі белгімен марапатталды.

• 21 маусымда №8 орта мектеп мектеп-гимназия болып қайта құрылды.

• 23 маусымда Апостол Андрей Первозванный храмы пайдалануға берілді.

• Қыркүйекте «Малалла» атты чуваштардың қоғамдық-мәдени орталығы құрылды.

• 12 қыркүйекте ҚР тұңғыш Президенті Н.Назарбаев жұмыс бабымен Жезқазғанға келіп «Қазақмыс» корпорациясының бірқатар нысандарында болды.

• 6 қазанда №7 орта мектеп академик Қ.И.Сәтбаев атындағы мектеп-лицей болып қайта құрылды.

• ЮНЕСКО орталығы ұйымдастырған визуалдық өнер көрме-конкурсында Жезқазған университетінің филология және өнер студенттері жүлделі екінші орынды жеңіп алды.

• «Алтай-Дунай» экспедициясының үшінші кезеңі Венгрияның Карцаг қаласында аяқталды.

• Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің археологтары Теректі әулиедегі тастағы таңбаларды француз технологиясымен микролента қағазына түсіріп, Оңтүстік және Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияларының құрамында зерттеу жүргізді.

• Жезқазған мыс қорыту заводы 248596 тонна қара мыс, 250486 тонна таза мыс өндіріп, бұл завод тарихында қол жеткен ең жоғары көрсеткіш болды.

• «Қазақмыс» корпорациясы жылдың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі бойынша Қазақстан биржа қорына тіркелген 13 ірі компаниялар арасында ең жоғары рейтингке ие болып, көш басынан көрінді.

• Жезқазған кенді аймағындағы жаңа алыптар №73, №75 шахталарының екінші кезегі іске қосылды.

**Жезқазған қаласының**
**мемлекеттік архиві**